

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ
«Сағыз орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
қорытындысы**

Ноғайты ауылы

18.06.2025ж

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығын, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 14 бұйрығымен бекітілген нұсқаулығын, ҚР Оқу – ағарту министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарын, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 10 қарашадағы № 666 н/қ санды қатынасын басшылыққа ала отырып, 2025 жылдың 21 мамыр – 16 маусым аралығында мектепшілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2025 ж 21.05 №116 бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Жумагазина Гулмира Мухамбетовна	мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Жанғалиева Гүлжанар Болатқызы	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, физика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Тайшыбай Құралбек Рахатұлы	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Дарбаева Бибигуль Шиншалиевна	Сағыз орта мектебінің әлеуметтік педагогы, комиссия мүшесі,
5	Аралбаева Толғанай Сұлтанғалиқызы	Сағыз орта мектебінің психологы, комиссия мүшесі
6	Есеркепова Гүлфарида	информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
7	Құлмұрат Нұрслан	директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілігін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ-нің «Сағыз орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

030310, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ноғайты ауылы жағалау-11 көше

Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Электронды почта: sagiz-1979@mail.ru; : sagiz-1979@mail.kz

сайты: <https://./>

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Жумагазина Гулмира Мухамбетовна, «Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 05 ақпан №25 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.

Ұялы телефоны: 87021135419

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 18 қаңтар берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 23.12.1997 жыл, БСН 971240002849. **Құрылтайшысы:** «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігі 23 желтоқсандағы №469 2020 жылғы қаулысымен бекітілген.

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 16.03.2016 жылы №KZ91RVK00009713 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 02.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ85LAA00021466 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер

2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 45 педагог(оның ішінде 1 психолог, 1 логопед, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 қосымша білім беру педагогы) жұмыс атқарады. 45 педагогтың ішінде санаты жоқ-20, бірінші санатты-1, екінші санатты-1, «педагог-модератор»-4, «педагог-сарапшы»-9, «педагог-зерттеуші»-10. Сапалық құрамы-42,2%

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтар саны-6, оның ішінде «педагог зерттеуші»-2, «педагог сарапшы»-3, «педагог модератор»-1, сапалық құрамы- 83,3%

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндер бойынша сабақ беретін педагогтар саны-33. Оның ішінде, «педагог-зерттеуші»- 2, «педагог-сарапшы»-6, «педагог-модератор»-8, Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында сабақ беретін педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы- 24,2%. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша талапқа сай деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 46 педагог(оның ішінде 1 психолог, 1 логопед, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 қосымша білім беру педагогы) жұмыс атқарады. 46 педагогтың ішінде санаты жоқ-23, «педагог-модератор»-4, «педагог-сарапшы»-10, «педагог-зерттеуші»-9. Сапалық құрамы-41,3%

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтар саны-6, оның ішінде «педагог-зерттеуші»-2, «педагог сарапшы»-3, «педагог модератор»-1, сапа-83,3%.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндер бойынша сабақ беретін педагогтар саны-34. Оның ішінде, «педагог-зерттеуші»- 7, «педагог-сарапшы»-7, «педагог-модератор»-3, негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында сабақ беретін педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы -41%. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша талапқа сай деп бағаланады.

2024-2025 оқу жылы.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2024-2025 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 47 педагог(оның ішінде 1 психолог, 1 логопед, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 қосымша білім беру педагогы) жұмыс атқарады. Оның ішінде жоғары білімді педагогтар саны-37, арнаулы орта білімі бар педагогтар саны-10, сапалық құрам-78,7%.

47 педагогтың ішінде санаты жоқ-19, «педагог-модератор»-8, «педагог-сарапшы»-9, «педагог-зерттеуші»-11. Сапалық құрам үлесі- 43 %.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтар саны-19, оның ішінде «педагог-зерттеуші»-6, «педагог сарапшы»-3, «педагог модератор»-4, санаты жоқ педагогтар-6, сапа-47%

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндер бойынша сабақ беретін педагогтар саны-31. Оның ішінде, «педагог-зерттеуші»- 7, «педагог-сарапшы»-7, «педагог-модератор»-7, Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында сабақ беретін педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы- 45%. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша, талапқа сай деп бағаланады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2021 жылғы 14 шілдедегі №339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық құжаттары талапқа сай келеді.

Жаратылысану-математика бағытындағы педагогтардың үлесі -11. Оның ішінде «педагог-зерттеуші»-2, «педагог-сарапшы»-3, «педагог-модератор»-2, педагог-4, сапалық құрам-45% құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін -30% дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары –осы қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

№	Аты-жөні, тегі	лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы Еңбек өтілі(бар болса)	санаты
1	Жумагазина Гулмира Мухамбетовна	Мектеп директоры	30	6	Үшінші санатты басшы 28.12.2024ж
2	Жанғалиева Гүлжанар Болатқызы	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	27	9	Екінші санатты басшының орынбасары 04.04.2025 Б№164
3	Тайшыбай Құралбек Рахатұлы	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары			Үшінші санатты басшының орынбасары 04.04.2025

--	--	--	--	--	--

2022-2023 оқу жылында барлығы 12 педагог аттестациядан өтуге өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-шебер»-1, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-модератор»-10. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру(растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 2 педагог оның ішінде «педагог-сарапшы»-1, «педагог-модератор»-1 біліктілік санатын алды, қалған 10 педагог өтініш берген санаттары бойынша шекті балл жинай алмаған.

Ескерту: География пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Нұрмағанбет Ләйла Аманғалиқызы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 171-тармағына және 2023 жылғы 31 тамыздағы педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі ҚР Оқу-ағарту министрлігінің аттестаттау комиссиясының хаттамасының шешіміне сәйкес 1-кезең (портфолио)өтіп, 2-кезеңінен өтпеді.

Байғанин ауданының білім бөлімінің 15 қаңтар 2024 жылғы №04/63 санды хатында 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айына жоспарланған аттестацияның форс-мажорлық жағдайларға байланысты барлық облыстарда тоқтатылғандығын хабарлайды.

Осыған байланысты, 2023 жылдың қазан айында санаттары мерзімі келіп, бірақ форс-мажорлық жағдайға байланысты аттестациядан өту мүмкіндігінен айырылған білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің санаттарын 2024 жылдың қыркүйек айына дейін созу туралы орталық атқарушы органның хаты жолданған. Сол себепті педагогтерді аттестаттау тоқтатылған. Аттестация бойынша педагогтердің білімін бағалау тесті 2024 жылдың 19 шілдеде басталып, су тасқыны болған өңірлерде 7 қыркүйекке дейін ұзартылды. Осыған орай педагогтердің білімін бағалау тестісінен өткен педагогтердің сертификаттары сканерленіп қоса тіркелген.

2023-2024 оқу жылында барлығы 13 мұғалім аттестациядан өтуге өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-шебер»-1 «педагог-зерттеуші»-3, «педагог-модератор»-9. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру(растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен Қошқарбай Айгүл Сайынқызына 02.09.2024ж №433бұйрықпен «педагог-зерттеуші» санаты берілді, бұйрық бойынша қалған педагогтер өтініш берген санаттары бойынша шекті балл жинай алмады.

2024-2025 оқу жылында барлығы 27 мұғалім аттестациядан өтуге өтініш берген. Оның ішінде «педагог-зерттеуші»-9, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-модератор»-17. Мәлімделген біліктілік санаттарын беру(растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен «педагог-зерттеуші»-7, «педагог-сарапшы»-1, бір саты төмен «педагог-сарапшы» санатын алған педагог-1, «педагог-модератор»-9, қалған 7 педагог шекті балл жинай алмаған.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

Зерделеу нәтижелері: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары жасалып, бекітілген.

2022-2023 оқу жылы.

8-11 кл оқушыларына арналған пәндік олимпиада (құқық) Досан Ақжол аудандық кезеңінен 9 кл III орын. Жетекшісі: Құрман А.Ж.

8-11 кл оқушыларына арналған пәндік олимпиада (орыс тілі) аудандық кезеңінен 11 кл Мақтау қағазы. Жетекшісі: Күлметова Б.Т

5-6 класс оқушыларына арналған «Достық-2022» кешенді пәндік олимпиадасынан Құралбай Мұхаметәли бкл аудандық кезеңінен мақтау қағазы, жетекшілері Өскінбай Жадыра Серікқызы. Қошқарбай Айгүл Сайынқызы. Тайшыбай Құралбек Рахатұлы. Таңбай Жансерік Тайшыбайұлы.

5-6 класс оқушыларына арналған «Алтын сақа» олимпиадасынан Құралбай Мұхаметәли бкл аудандық кезеңінен математика пәнінен мақтау қағазы, Қойшыбаева Жаннұр бкл аудандық кезеңі III орын, жетекшісі Өскінбай Жадыра Серікқызы.

"Зерде"ғылыми жобадан Құралбай Мұхаметәли бкл география пәнінен аудандық кезеңінен III орын, жетекшісі Нұрмағанбет Ләйла Аманғалиқызы, Қалдыбай Әмина орыс тілінен аудандық кезең III орын, жетекшісі А.Т.Дәрібаева, Бейімбет Айым 5кл қазақ тілінен аудандық кезеңі III орын, жетекшісі А.С.Қошқарбай.

5-6 класс "Кел ,балалар ,оқылық!" кітап оқу сайысы Құралбай Мұхаметәли бкл қазақ тілінен аудандық кезеңі Мадақтама, жетекшісі А.С.Қошқарбай.

Кенгуру-математика барлығы үшін (онлайн) интеллектуалдық олимпиаданың республикалық кезеңінің III орын жүлдегері Бекболатқызы Нұрсая 9кл, Рақов Әбубәкір 8кл республикалық кезеңінің I орын жүлдегері жетекшісі М.В.Жұмақұлова.

«Сұлтанов олимпиадасы» аудандық кезеңінен III орын Рақов Әбубәкір 8кл, жетекшісі М.В.Жұмақұлова.

5-бкласс оқушыларына арналған "Мың бала "ұлттық олимпиадасынан Рахат Ермахан 7кл География

Ағылшын,Қазақ тілі,Орыс тілі пәндерінен облыстық кезеңінен I орын, жетекшілері НұрмағанбетЛ.А

Таңбай Ж. Жумагазина М. Кульметова Б.Т.

«Дарынды жас ғалым » ғылыми жобалар байқауынан Қабижан Дана,Мұханбетқали Алтынай 10 кл аудандық, облыстық кезеңнен I орын. Жетекшісі Л.А.Нұрмағанбет.

"Табиғи ресурстарға үнемділік-болашаққа сенімділік"ғылыми жобалар байқауынан Бақбергена Аяулым 11кл аудандық кезеңнен I орын, облыстық кезеңнен III орын. Жетекшісі Л.А.Нұрмағанбет.

"Шежірелі өлкемнің тарландары" жобалар байқауынан Бақбергена Аяулым 11кл аудандық кезеңнен I орын, жетекшісі Л.А.Нұрмағанбет.

7-8 класс жасөспірімдер олимпиадасынан Жұмабекқызы Айтолқын 8кл аудандық кезеңнен II орын, жетекшісі Л.А.Нұрмағанбет.

Қ.Мұханбетқалиұлының 80 ж мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тағылымы терең қаламгер» аудандық байқауынан Бисен Тоғжан 11 кл аудандық кезең Іорын. Жетекшісі: А.С.Қошқарбай.

"Абай" пәндік олимпиадасы (онлайн) МАД тобы Мырзабекұлы Аңсар, Исламбек Аслан, Қылыш Әбдісалан, Базархан Айзере, Александрұлы Абилмансур, Багонбай Айнамкөз, Манатбек Амина, Даулетбаева Нұржанат аудандық, облыстық кезеңнен I орын, жетекшісі М.С.Мұрынбаева.

2023-2024 оқу жылы.

С. Бейбарыс туғанына 800 жылдығына орай ұйымдастырылған тарих пәні олимпиададан Төлепберген Еркебұлан аудандық кезеңнен I орын, облыстық кезеңнен II орын, жетекшісі Құрман А.Ж

«Зерде» жобалар байқауынан математика пәні бойынша Жақсылық Әмір, Нұрсланұлы Марлен

5кл аудандық кезең II орын, жетекшісі: Жұмақұлова М.В.

«Зерде» жобалар байқауынан математика пәні бойынша Аманқос Ақтілек 5кл аудандық кезең II орын, жетекшісі: Ж.Д.Даулетбаева.

"SAPSAN"олимпиадасы Бейімбет Айым бкл аудандық кезең II орын, жетекшісі: А.С.Қошқарбай.

"SAPSAN"олимпиадасы Мұханбетқали Алтынай 11кл аудандық кезең I орын, облыстық кезең II орын, жетекшісі Л.А.Нұрмағанбет.

9-11 кл оқушылары арасында өткізілген «Ауыл» олимпиадасы бойынша

№	Оқушының аты-жөні	пәні	Орын		жетекшісі
			аудан	Облыс	
1	Базар Нұржанар	математика	I		Жумақұлова М.В
2	Бақбергена Ғазиза	математика	I		Жумақұлова М.В
3	Бекболатқызы Нұрсая	Математика	I	III	Жумақұлова М.В

4	Жақсығалиев Турлан	Қазақ тілі	I		Түйебай А.К
5	Жеткербай Әмір	Математика	I		Жумакулова М.В
6	Кемалова Нұрбалхан	физика	I		Аманқос А.Б.
7	Мақсатова Шапағат	биология	I		А.Ержанқызы
8	Мұханбетқали Алтынай	География	I	II	Л.А.Нұрмағанбет
9	Мұхитов Мансур	География	I	I	Л.А.Нұрмағанбет
10	Рамазанова Ақнұр	Шетел тілі	I	I	Байшукуров Т.А

2024-2025 оқу жылы.

«Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңінде Абдуллаева Инжу 3 орын жетекшісі Түйебай А, Төлепберген Айым 2 орын жетекшісі Жұмабаева Лаура, Дәулетбаева Нұржанат мақтау қағазы жетекшісі Сүйлеменов Алфараби.

Ауыл балаларына арналған республикалық олимпиадананың аудандық кезеңінде Бекболатқызы Нұрсая қазақ тілінен, Әбдірова Іңкәр география пәнінен облысқа жолдама алған оқушылар. Кішкентай білгірлер Исланбек Ермахан математика 2 орын Жұмабаева Лаура.

Алтын қазына республикалық конкурс Мақсатова Айсана көркем еңбек пәні, облыстан мақтау қағазы, Айна Сметқызы Мақсатұлы Нұртілек көркем еңбек, мақтау қағазы Қалқаманов Қанат.

Олимп шыңы республикалық олимпиадасы Амангелді Азамат аудандық 1 орын, облыстан сертификат, Жумакулова Марал. Көркем еңбек пәні бойынша олимпиада Амақосова Ақтілек аудандық кезең 3 орын Қилыбаева Гүлсезім, Бейімбет айым 3 орын Сметқызы Айна.

3-4 сыныптарға арналған Алтын сақа Төлепберген Айым математика 1 орын, облыстан алмады, Жұмабаева Лаура. Залжанова Айару математика 2 орын жетекшісі Жұмабаева Лаура. Жасталапұлы Қайнар математика 3 орын Қонақбаева Перизат. Багонбай Айнамкөз математика 2 орын жетекшісі Конақбаева Перизат.

Бастау олимпиадасы Багонбай Айнамкөз 3 орын жетекшісі Қонақбаева Перизат. 5- 6 сыныптарға арналған Алтын сақа олимпиадасында Амангелді Азамат 2 орын аудандық кезең жетекшісі Жумакулова Марал, Абдуллаева Инжу аудандық кезең сертификат жетекшісі Даулетбаева Жұлдыз, Қойшыбаева Балауса аудандық кезең сертификат жетекшісі Даулетбаева Жұлдыз. Рақова Нарғыз аудандық кезең сертификат жетекшісі Даулетбаева Жұлдыз, Рахат Ердос аудандық кезең грамота жетекшісі Жумакулова Марал. Мен және мені қызықтыратын мамандықтар эссе байқауы Медин Жәніель 2 орын, Аманқосова Сағыныш Алғыс хат, Әбдірова Іңкәр 3 орын жетекшісі Талғатұлы Ернар.

Алтын түлек олимпиадасы бойынша Бекболатқызы Нұрсая 3 орын, Багонбай Аягүл сертификат, Базар Нұржанар сертификат жетекшісі Жумакулова Марал.

9-11 сыныптар арасындағы пәндік олимпиадаға барлығы 24 оқушы қатысты, 10 оқушы орын алды. Бақбергенова Гүлназым қазақ тілі және әдебиетінен 2 орын жетекшісі Түйебай Айгүл, Сүйесінова Айтілек қазақстан тарихы 2 орын жетекшісі Құрман Ақерке. Өткелова Айдана ағылшын тілі 3 орын Жетекшісі Саматова Аяжан. Оралтай Сымбат биология 2 орын Ержанқызы Айгүл, Әбдірова Іңкәр география 3 орын жетекшісі Нұрмағанбет Ләйла, Рақов Әбубәкір физика Мақтау қағазы Аманқос Айсұлтан. Бақбергенова Ғазиза орыс тілі мен әдебиеті 2 орын жетекшісі Кульметова Бактыгул, Бекболатқызы Нұрсая қазақ тілі мен әдебиеті 3 орын жетекшісі Түйебай Айгүл, Досан Ақжол құқық негіздері жетекшісі Тайшыбай Құралбек, Базар Нұржанар ағылшын пәні Саматова Аяжан.

5-6 сыныптар арасында пәндік олимпиада Оралтай Сабыржан 2 орын жаратылстану, Бақберген Әли 1 орын жаратылстану Нұрмағанбет Ләйла. Рақова Нарғыз 2 орын Түйебай Айгүл. Таңбаева Диляра 1 орын орыс тілі жетекшісі Кульметова Бактыгул. Қалдыбай Әмина 2 орын орыс тілі жетекшісі Дәрібаева Айсамал. Ыбраймова Хиуаз ағылшын тілі жетекшісі Қожуова Сымбат 3 орын, Қойшыбаева

Балауса 3 орын, Аманғали Нұрасыл 2 орын жетекшісі Құралбекқызы Нәзікгүл. Төлепберген Қарақат 3 орын ағылшын жетекшісі Қожуова Сымбат. Сұлтанбек Наурызбек математика 3 орын жетекшісі Даулетбаева Жұлдыз.

7-8 сыныптар арасындағы пәндік олимпиадада Сайын Диана 3 орын жетекшісі Жаулин Есенғали, Асылбекұлы Аян география 2 орын жетекшісі Нұрмағанбе Ләйла, Қойшыбаев Нұрасыл физика 1 орын жетекшісі Марат Қазбек. Орыс тілі 2 орын Рақов Мағжан жетекшісі Дәрібаева Айсамал. Залжанова Азиза мақтау қағазы Қожуова Сымбат.

5-6 сыныптар арасында барлығы 15 бала, орын алған 10 бала, 7-8 сыныптар арасында 17 баладан 5 бала орын алды.

Ұлы өнер тапқыш инновациялық идеялары байқауының аудандық кезеңінде Мақсатұлы Нұртілек 1 орын, облыстық кезеңінде 1 орын, республикалық кезеңнен сертификат жетекшісі Қалқаманов Қанат.

Кіші олимпиада облыстық кезеңі Құралбай Мұхамбетәли 3 орын.

7-8 сыныптарға арналған облыстық кіші олимпиада байқауының аудандық кезеңінде Құралбай Мұхамметәли Тілек Ақылбек 2 орын жетекшісі Қалқаманов Қанат.

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың , педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды.

Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Сағыз орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған біліктілікті арттыру перспективалық жоспары жасалынған. Жоспар негізінде соңғы 2017 жылы курстан өткен педагогтердің және 2022-2023 оқу жылында аттестациялаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп Байғанин ауданының білім бөлімі арқылы «Өрлеу» Біліктілікті арттыру орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курстарынан өткізілген.

2023-2024 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

2024-2025 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша
2022-2023 о.ж	45	22	
2023-2024 о.ж	46	12	

2024-2025 о.ж	48	11	5
---------------	----	----	---

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісінің орынбасарлары	Директордың тәрбие ісінің орынбасарлары
2022-2023	Г.М.Жумагазина	Г.Б.Жанғалиева	Қ.Р.Тайшыбай
	Біліктілікті арттыру курсы «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» тақырыбы бойынша 430 академиялық сағат. 16.06.2023ж. Тіркеу №026824 «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті» 80 сағ 07.08.2020 ж. Тіркеу№0341288		
2023-2024			
2024-2025		Біліктілікті арттыру курсы «Білім берудегі менеджмент білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру» тақырыбы бойынша 80сағ. 13.12.2024ж. Тіркеу №119109	

3.Білім алушылар контингенті. Білім алушылар контингентінің сандық құрамы: деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

№	Контингенттің құрылымы	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
1	«Сағыз орта мектебі» КММ	13	289	16	282	13	297

«Сағыз орта мектебі» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген. Мектепте білім беру ҚР Бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш, негізгі орта білім берудің базалық мазмұны инвариантты бөлімнің оқу пәндері арқылы толық көлемде іске асырылды.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері мектеп директоры Г.М.Жумагазінамен бекітілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған.

ЖБМ ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамызындағы №365 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының нұсқаулық әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Тексерілді:

1. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Байғанин ауданының білім бөлімімен келісілген және мектеп директорымен бекітілген.
2. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының сабақ кестесі санитарлық талаптарға сай құрылған және мектеп директорымен бекітілген.
3. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының вариатив сабақтарының кестесі мектеп директорымен бекітілген.

Оқу жұмыс жоспары мен оқу сабақтарының кестесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы негізгі орта білім беру сыныптарында 2022-2023 оқу жылында 2 білім алушы, үйден оқитын 1 білім алушы, 2023-2024 оқу жылында 2 білім алушы, үйден оқитын 1 білім алушы және 2024-2025 оқу жылында 2 білім алушы, 1 үйден оқитын оқушы тіркелген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған. Үйден оқитын оқушыға бұйрықпен бекітілген мұғалімдер тағайындалған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Сағыз орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында мектепте 1-11 кластар бойынша 15 класс жиынтығында 270 білім алушы оқыған. Яғни әр класта толымдылығы бойынша 15 баладан келген. 2023-2024 оқу жылында 1-11 кластарда 16 класс жиынтығында 282 білім алушы оқыған, ал толымдылығы бойынша 15 баладан келген. 2024-2025 оқу жылында 13 класс комплектіде 297 білім

алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 15-17 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

«Сағыз орта мектебі» КММ

2022-2025 оқу жылындағы контингент қозғалысы

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 Сыныптар		Оқушы саны 4 тоқсан бойынша
	келді	кетті	келді	кетті	Келді	кетті	келді	кетті	
2022-2023	7	6	2	2	5	4			270
2023-2024		5		2		2		1	278
2024-2025	4	14	2	4	2	8		2	297

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

Жаңа оқу жылын 13 класс комплектісімен бастады. Бастауыш класта 4 класс, 6 комплекті - 126 оқушы. Орта буын - 5 класс, 5 комплекті-112 оқушы. Жоғары буында-2 класс, 2 комплекті, оқушылардың саны-31 оқушы.

2022-2023 оқу жылында «Сағыз орта мектебі» КММ-нде 1-11 сыныпта 15класс жиынтығында – 270 оқушыға білім берілген, мектепалды даярлық кластарында–32. Мектепте барлығы мектепалды даярлық тобымен 12 сынып, 15 класс-комплект.

2022-2023 оқу жылында білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе»-нің қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды.

- “Көркем еңбек” пәні екі пәнге бөлінді: “Еңбекке баулу” және “Бейнелеу өнері”

"Цифрлық сауаттылық " оқу пәні 1- класта білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып және 2022-2023 оқу жылының 2-жартыжылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

2022-2023 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру болатын.

Оқу процесін ұйымдастыру «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіреку тізімінде №8275 болып тіркелген);Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарласы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіреку тізімінде №14235 болып тіркелген)

Оқушыларға арналған оқу жүктемесіде МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі төмендегідей:

1класс-19,5 сағат, 2класс-24 сағат, 3класс-26 сағат, 4класс-26 сағат, 5класс-28,5 сағат, 6класс-28,5сағат, 7класс-31,5сағат, 8класс-32,5сағат, 9класс-34 сағат, 10класс-35сағат, 11класс-35 сағат

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

2023 - 2024 оқу жылында Жаңа оқу жылын 15 класс комплектісімен бастады. Бастауыш класта 4 класс, 7 комплекті -116 оқушы. Орта буын - 5 класс, 6 комплекті-130 оқушы. Жоғары буында-2 класс, 2 комплекті, оқушылардың саны-32 оқушы.

2023-2024 оқу жылында «Сағыз орта мектебі» КММ-нде оқушы саны—оқу жылы басында 282 оқушы, қазіргі таңда 278 оқушы, мектепалды даярлық кластарында—23. Мектепте барлығы мектепалды даярлық тобымен 12 сынып, 16 класс-комплект.

Сыныбы	Барлық оқушы саны
1 сынып	31
2сынып	27
3сынып	30
4 сынып	28
5 сынып	38
6 сынып	22
7 сынып	23
8 сынып	24
9 сынып	23
10 сынып	15
11 сынып	17

Оқу процесін ұйымдастыру «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіреку тізімінде №8275 болып тіркелген);Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарласы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіреку тізімінде №14235 болып тіркелген)

Оқушыларға арналған оқу жүктемесіде МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі төмендегідей:

Сыныптар	Апталық жүктемесі
1	19,5 сағат
2	24 сағат
3	26 сағат
4	26 сағат
5	28,5 сағат
6	28,5 сағат
7	31,5 сағат
8	32,5 сағат
9	34 сағат
10	35 сағат
11	35 сағат

Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Сабақ кестесінде 694 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2024-2025 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 13 класс жиынтығында – 270 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1 сынып жиынтықта – 28 білім алушы оқиды.

2024-2025 оқу жылында ***Жалпы білім беретін орта мектептің 1-4-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:***

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2024 жылғы 02 ақпандағы **№ 27 бұйрықтарына** енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399; 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467; 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

Жалпы білім беретін орта мектептің 5-9-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2023 жылғы 26 қазандағы **№ 323 бұйрықтарына** енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

Жалпы білім беретін орта мектептің 10-11-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2023 жылғы 26 қазандағы **№ 323 бұйрықтарына** енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16

қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

- 2024-2025 оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 апта, мектепалды даярлық, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 апта, 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

2024-2025 оқу жылында Сағыз орта мектебінде 1 мектепалды даярлық сыныбы, онда 20 оқушы қабылданса, 1-11 сыныптан 13 класс комплектісі жинақталып, онда барлығы 221 оқушы білім алуда.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

- 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

- «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

- 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

- 5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу уақытында өткізіледі.

- «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Көркем еңбек» пәнін кезең кезеңмен «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады, 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні оқытылады.

- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, ал 2-сыныптан бастап, «Орыс тілі» пәні оқытылады, 3- сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі.

5-11-сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі

10 сыныпта – 2 сағат;

11 сыныпта - 2 сағат.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Сабақ кестесінде 729 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2025 оқу жылдары аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитеті келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, 2022-2023, оқу жылдарында «kundelik.kz» электронды журналы, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «bilimclass.kz» электронды журналын пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және вариативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Вариативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылы бойынша. «Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» (бұдан әрі МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы және «Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚРБҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы) негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары талданып өзгерістер енгізілген.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы №467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде оқытылған.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы №467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде оқытылған.

Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, bilmclass.kz электронды журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Bilmclass.kz электронды журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары 2022-2023 оқу жылдарында kundelik.kz электронды журналы, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында Bilmclass.kz электронды журналында толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар 2022-2023 оқу жылдарында kundelik.kz электронды журналында, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында Bilmclass.kz электронды журналында толтырылған.

-білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтардысініруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздерін»

2022-2023 жылдарға арналған әдістемелік нұсқаухатын басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген 8 бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Тәрбиенің Тұжырымдамасында көрсетілген іске асыру механизмдері мектеп ерекшелігіне сай жүргізілді. Мәселен, ашық тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, дебат, әңгіме, сынып сағаттары т.б. түрінде өткізіледі. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген сегіз бағыттың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. Осыған байланысты сынып жетекшілер тәрбие жоспарын жасап, оқушылардың жас ерекшелігіне сай жұмыс түрлерін таңдады. Мерекелік шараларды ұйымдастыруда тәрбиелік мән-маңызы ескерілді және нақты мақсатқа жету көзделді.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР: ОТБАСЫ, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ, ҚОҒАМНЫҢ ЖАППАЙ ҚАТЫСУЫМЕН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ӨТКІЗІЛЕДІ.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
7-30 қараша уақыт аралығы "Қауіпсіз интернет" тақырыбында іс-шаралары өткізілуде . Жоспар бойынша 2-7 сынып оқушыларына "Балалар үшін қауіпсіз интернет ережесі" тақырыбында информатика пәні мұғалімі Есеркепова Гулфарида баяндама оқыды.

<https://www.instagram.com/p/ClgAlK5gMWW/?igsh=MXNrNzNqM2U0NmtjbQ==>

17-қарашада 5-9 сыныптар арасында "Autumn party. Prince and princess-2022" байқауы өтті.

Байқау 5-кезеңнен құралды. Сайысқа 5жұп қатысты. Әділқазылар қортындысы бойынша

🏆 Бас жүлде-5 сынып оқушылары Багонбай Ақжан мен Бейімбет Айым

🥈 1орын-7 сынып оқушылары Ыбраймов Дастан мен Сейітқалиева Айжұлдыз

🥉 2орын-8 сынып оқушылары Қабижан Марлен мен Қойшыбаева Айжұлдыз

🥉 3орын-6 сынып оқушылары Мақсатұлы Нұртілек пен Сайын Диана

Алғыс хат - 9 сынып оқушылары Сайын Қыдырәлі мен Бекболатқызы Нұрсая марапатталды.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз! 🎉

<https://www.instagram.com/p/ClEdDFDAbZn/?igsh=MXAwYmJvZnY2anhwOA==>

18-қараша күні Сағыз орта мектебінде 1-4 сыныптар арасында "Күзгі думан" байқауы өтті. Байқау

4 кезеңнен құралды. Сайысқа 6топ қатысты. Әділқазылар қортындысы бойынша

🏆 Бас жүлде-4а сынып оқушылары "Жемістер" тобы

🥈 1орын-1 сынып оқушылары "Қарбыз" тобы

🥉 2орын-4ә сынып оқушылары "Сары жапырақтар" тобы

🥉 3орын-3 сынып оқушылары "Күзгі бақ" тобы

"Шебер" номинациясымен - 2а сынып оқушылары "Берекелі күз" тобы

"Өнерлі" номинациясымен- 2ә сынып оқушылары "Алтын дән" тобы марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/ClRATVgInwh/?igsh=NHp0aWdvNGVudDVo>

18-қарашада ♦ "Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет" құқықтық онкүндік жоспарына сәйкес мектебімізде "Құқықтық сауаттылық-заман талабы" тақырыбында бұрыш қойылып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құралбек Рахатұлы мен Мектеп Парламентінің тәртіп және құқық фракция мүшесі Бисен Тоғжан оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.



<https://www.instagram.com/p/ClGXEHUopMD/?igsh=ZmRvNmsyMWVyZjBi>

22-қараша күні "Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет" құқықтық онкүндік жоспарына сәйкес мектебімізде 10-11 сынып оқушылары арасында "Сенің құқықтарың мен міндеттерің" тақырыбында пікірсайыс өтті.

<https://www.instagram.com/p/ClQ69nvoUZ2/?igsh=d3V1eWFzczVrNzFl>

23- желтоқсан күні мектептің 9-10-11 сынып аралығына ауылдық учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Б.І.Базаров оқушыларға ит,мысықтарды күтіп ұстау және серуендету қағидаларын,жаңа жылдық кештерге тыйым салынғанын,түнгі мезгілде тұрғын жайдан тыс жерде жүрмеу туралы және Нашақорлықтың алдын алу, «Алаяқтан сақ болайық»тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



<https://www.instagram.com/p/CmgbGdwgbRb/?igsh=Y2M3NmFxdzRpd2h4>

17-қаңтар күні мектеп тәлімгерлерінің ұйымдастыруымен "Өзіңді мамандықтар әлемінде тап" атты мектеп түлектері студенттермен кездесу кеші өткізілді. Кештің барысы сайыс түрінде және оқушылардың әдемі өнерлерімен, әр түрлі ойындармен жалғасты. Сайысқа "Студенттер", "Жас мұғалімдер", "Оқушылар" тобы қатысты. Сайыс соңында сарапшылардың қорытындысы бойынша "Студенттер" тобы жеңіске жетті.

<https://www.instagram.com/p/CnjX0d1gUpH/?igsh=MWp5emt5dmFoMmV2Yg==>

18-қаңтарда Сағыз орта мектебінің 5-8сыныптары аралығында "Электр тоғы қауіпті" атты сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың қауіпсіздік ережелерін сақтап, электр желілерін орынды, дұрыс қолдана білуге баулу. Сабақ барысында оқушыларға қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, ашық тұрған электр желілеріне жақындамауға, арнайы орындарға қоңырау соғу керектігі түсіндірілді. Күнделікті тұрмыстық қауіпсіздік ережелерін сақтап жүрген жағдайда ғана тоқ көздерінен болатын түрлі апаттардың алдын алатынымыз түсіндірілді.

<https://www.instagram.com/p/Cnl6JAKAFu5/?igsh=cjVqbmhiN3N5MHVz>

24-қаңтар күні мектебімізде "Қауіпсіз интернет" атты он күндік іс-шарасы аясында 8-9 кластар арасында "Интернеттің пайдасы мен зияны" тақырыбында пікірсайыс өтті. Нәтижесінде 8-класс оқушылары басымдық танытып І-орынды жеңіп алды. Және "Үздік спикер" номинациясымен Қабиджан Марлен марапатталды.

Дебат жетекшісі: Таңбай Жансерік Тайшыбайұлы.

<https://www.instagram.com/p/Cny79TBIP64/?igsh=MTI2YWFvcme0bzB4MA==>

24-қаңтар күні “Адал ұрпақ ерікті мектеп клубының” жоспарына сай “Жемқорлықтың тарихи тамыры” тақырыбында 9-сынып оқушылары презентация қорғады.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу..

<https://www.instagram.com/p/CnzRZsPIcg4/?igsh=bWxma3pwaHcxMTlx>

Сағыз орта мектебі бойынша қаңтар айында өткізілетін шаралар аясында “Жемқорлықтың тарихи тамыры” тақырыбында 5-7 сынып оқушыларының өз қолдарымен салған суреттерінен байқау жарияланды.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықты жоюға, адал қызмет етуге, азаматтық құндылықтарын насихаттауға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CnzSV_NI0Q7/?igsh=M2cyeDE2emxmZWfK

3-ақпан күні мектебімізде Қ.Р. Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жалдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, орта буын оқушыларына “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ” тақырыбында эссе конкурсы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CoNDj91oTgq/?igsh=eWtsaXVhOGpjcTJq>

6 наурыз күні мектебімізде көктемнің әдемі мерекесі арулар күніне орай "Ұлан аруы-2023" байқауы өтті. Сайыс 5 кезең бойынша өткізілді. Қазылар алқасының шешімімен

2 Бас жүлде "Ұлан аруы-2023" номинациясы 6-сынып оқушысы Мақсатова Айсанаға бұйырды.

1 Орынды 10-сынып оқушысы Қойшыбаева Аяла иемденді.

2 Орынды 7-сынып оқушысы Жұмабекқызы Айтолқын иеленді.

3 Орынды 8-сынып оқушысы Рамазанова Мейрамгүл алды. Байқауға белсене қатысқаны үшін "Көркем ару" номинациясын 9-сынып оқушысы Қуантайқызы Көркемай иеленсе, "Көрермен көзайымы" номинациясына Жасталапқызы Жанерке ие болды. Барлық сайыскерлерге арнайы диплом, сыйлықтар табыс етілді.

<https://www.instagram.com/p/Cpf8ZsXoBIR/?igsh=MW5vOW8zemFhb3prMw==>

Тәрбие жоспары аясында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай 2-7 наурыз аралағында сыныптар арасында "Өмір сыйлаған ана" атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CpkLLJ6ATpG/?igsh=dGJlazZ6c3A2eG03>

Тәрбие жоспары аясында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай 10-11 сыныптар арасында "Мерген ару-2023" атты байқауы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CplFu7NopXs/?igsh=MXNqd2h1Ym1pYzRxdA==>

Мектептің дебат жетекшісі Гүлжан Серікқызының ұйымдастыруымен **4-сәуір** күні «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында 9 -сынып оқушыларына пікірталас өткізілді.

Мақсаты: Кәмелетке толмаған оқушылар ортасында интернет ресурстарды қолдану мәдениетін қалыптастыру болып табылады. III оқу тоқсанының қорытындысы бойынша 1-11 кластардың ата-аналарына жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары қойылып, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



5-сәуір күні МЕКТЕПШІЛІК ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ.

Мектеп тәлімгерлерінің ұйымдастыруымен "Болашағын бүгіннен бастаған" мектебіміздің ең көңілді

оқушылары бас қосқан мектепішілік "Жайдарман" (көңілді тапқырлар клубы) ойындары өткізілді. Сахна мәдениеті мен шеберлігі, ән мен би, сөйлеу мәнері, ой ұшқырлығы, мимика сияқты өнер атаулының түрлі жанрларын қамтитын әзіл-қалжың шығармашыл жастардың шеберліктерін жетілдіре түскенін көрсетті. Бұл ойынға ауданымыздың белсенді жастары, Жайдарман ойындарының ойыншылары Жунит Жанмұрат, Нұрланұлы Нұрдәуір, Оразов Нұраян қатысты. Қонақтарымыз оқушылармен Жайдарман қызықтарымен бөлісті. Мектепішілік ойынға төрелік етті.

Ойын соңында

🏆 "Биылдыққа дым жоқ" құрамасы 9 кл-Бас жүлде

🏆 "Ұнамаса қарама" құрамасы 10кл- 1-орын

🏆 "Talented girls" құрамасы 8кл- 2-орын

🏆 "Күлкі шпиондары" құрамасы 7кл-3-орын

🏆 "Көз тимесін" 6кл-алғыс хатпен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CqqAQ-dgY0p/?igsh=MTI3ZHJnb3Y3YzRhbg==>

27.03.2023-10.04.2023 жылы өткізіліп жатқан жедел профилактикалық іс-шарасы «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» бойынша Ноғайты ауылының учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Б.І.Базаров және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбай бастауыш сыныптары және орта буын оқушылары арасында дәрістер оқып, «Алаяқтыққа жол жоқ!» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




<https://www.instagram.com/p/CqU8uE6gvh4/?igsh=emNkc3B1MnJreXdl>

Сағыз орта мектебінде 10-14 сәуір аралығы "Бала тәрбиесі-ортақ іс" тақырыбындағы әлеуметтік сала бірлестігінің апталығы аясында 13 сәуір күні "Қызға нәзіктік, ұлға батылдық" тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды. Оған 8-сынып оқушыларының арасынан "Лидер" тобы және 9-сынып оқушыларының арасынан "Достық" тобы сайысқа түсті. Пікірсайыс соңы "Лидер" тобының жеңісімен аяқталды.

<https://www.instagram.com/reel/Cq-mC3XofkA/?igsh=bHlxcHlzb2drbWVj>

17-сәуір күні Байғанин аудандық АТК хатшысы Меделбаев Қуаныш Серікұлы және Байғанин аудандық мешіттің бас имамы, Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының теологы Көрпебаев Ержан Ермұратұлы оқушыларға дін жөнінде, діни экстремизм мен кереғар діни ағымдар, секталар, олардың қоғамға зияндылығы әрі қауіптілігі тұрғысында оқушыларға кең көлемді түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



<https://www.instagram.com/p/CrIE1bul5wo/?igsh=ejZ6dzA5ZDYzOGFg>

18-сәуір күні «Терезеден төнген қауіп. Сақтықта қорлық жоқ» тақырыбында 4"А" және 4 "Ә" сыныптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Балалардың терезеден құлап кетуіне байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу, балалардың терезеден құлап кету нәтижесінде болуы мүмкін қайғылы салдарлар туралы оқушылардың назарын қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігіне аудару.

<https://www.instagram.com/p/CrKkpz1o7b7/?igsh=MWJpcjZzcXlkZmk5aQ==>

Мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологының және мектеп медбикесінің қатысуымен 19-сәуір күні қыздар ұйымының жоспарына сәйкес «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында пікірталасқа 9-11 сынып қыздарының қатысуымен түрлі тренингтер ұйымдастырылып, постер қорғады, сұрақ-жауап жүргізілді.



<https://www.instagram.com/p/CrOjNK6IZiw/?igsh=MXNrZGo2N3ZsaHRjaA==>

21-сәуір күні Байғанин аудандық жайдарман филиалының ұйымдастыруымен "Маусымашар-2023" фестиваліне мектебіміздің "Ноғайты-Жарнама" командасы қатысты.

<https://www.instagram.com/p/CrSq-hHgoE0/?igsh=djdidDYwd3RqNWly>

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. Осыған орай бұл бағыттар бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері «Шерхан Мұртаза қазақ әдебиетінің қызыл жебесі» атты іс-шара өткізді.

Кеште оқушылар ақындардың өлеңдері мен жырларын жатқа топтық жұмыстар көрсетілді. Тұлғалық қасиеттерді анықтауға көмектесу, өзіне деген жауапкершілікті сезіне білуге баулу мақсатында мектеп кітапханашылары тарапынан ұйымдастырылған «Шерхан Мұртаза 90 жылдығына орай 8-9 класс оқушыларына «Шерхан Мұртаза-қазақ әдебиетінің заңғар тұлғасы атты дөңгелек үстел жоғары деңгейде өтті.



<https://www.instagram.com/p/CihQndbgVSa/?igsh=MXMwNmM5aGh3MDhxYw==>

<https://www.instagram.com/p/CikOzWAs3RJ/?igsh=c3UxZWc5bXhpcXo1>

1-қазан күні Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек.

Осы атаулы күнде мектебіміздің "Жас Ұлан" ұйымы және Мектеп парламентінің көшбасшылары кішігірім сыйлықтарымен қарияларымызды құттықтап барды.

https://www.instagram.com/reel/CjKpBIkgI_i/?igsh=MWNyb2l1cTc0Z28wNg==

1-қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай 4-класс жетекшісі Сақалбаева Ғалипа Аманқосқызы оқушыларымен бірге ауылымыздың қазыналы қарттары Зәлжан ата мен Балмекен әженің шаңырақтарына барып, мерекелерімен құттықтап қайтты. Ата-әжелеріміз ризашылықтарын білдіріп оқушыларға баталарын берді. Қарттарымыз аман болсын!

<https://www.instagram.com/p/CjN4DJzobcc/?igsh=MnBhdXkwd3ozczRi>

1-қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай 3-класс жетекшісі Балзада Боранбайқызы оқушыларымен бірге ауылымыздың қазыналы қарттары Сергей ата мен Зағипа әже және Зибаш әженің шаңырақтарына барып, мерекелерімен құттықтап қайтты. Ата-әжелеріміз ризашылықтарын білдіріп оқушыларға баталарын берді. Қарттарымыз аман болсын!



<https://www.instagram.com/reel/CjPW02MI0lk/?igsh=Mm5zeDZjeiNqdGZx>

22-қазан күні Республика күніне орай мектептің музыка пәнінің мұғалімдері Нәбиев Бақтыберген мен Длимова Гүлжиханның ұйымдастыруымен 1-6 сыныптар арасында патриоттық әндерден "Бала дауысы" байқауы ұйымдастырылды. Байқауда сыныптар орындармен марапатталды:

🏆 Бас жүлде- 6 сынып оқушылары Сайын Диана, Сағын Аяжан. Класс жетекшісі: Мыңбай А.

🥈 2 орын- 3 сынып оқушылары (хор) Класс жетекшісі: Шамбай Б.

🥉 3 орын- 4а сынып оқушылары Болат А. Класс жетекшісі: Сейлханова А.

🥉 4 орын- 1 сынып оқушылары (хор) Класс жетекшісі: Қонақбаева П.



<https://www.instagram.com/p/CkBTZsTlath/?igsh=MTUxNXk1cmh5dm1tbw==>

21-желтоқсан күні Заңғар жазушы М.Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Түйебай Айгүлдің ұйымдастыруымен "М.Әуезов-ұлы суреткер" тақырыбында "Балалар және театр" үйірмесі оқушылары 9-10-сыныптардың қатысуымен әдеби кеш өткізілді.

Мақсаты: Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, "Көксерек" әңгімесімен таныстыру. Оқушыларды ұлылардың өмірінен үлгі алуға баулу, шығармашылық танымдарын толықтыру.

<https://www.instagram.com/p/CmbNLo9g13I/?igsh=MWlrZWVsbXZzdDYxNg==>

Заңғар жазушы М.Әуезовтың 125 жылдығына орай, "Балалар және театр" үйірмесі оқушыларының қатысуымен "Әуезов әлемі" атты әдеби кеш өтті.

Мақсаты: Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеу, оқушыларды елін сүйуге, әдебиетті білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырушы: 11-сынып оқушылары
Жетекшісі: Қошқарбай Айгүл Сайынқызы

<https://www.instagram.com/p/CmbrYBToaNR/?igsh=emlyc3RkbTg1aHMz>

8-ақпан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар және театр» үйірмесінің оқушылары 5-9 сыныптар арасында ақпан айының 6-7 күндері "Біз оқыған кітаптар" атты мектепшілік байқау өткізілді. Байқау нәтижесінде 7-сынып оқушылары мен 9-сынып оқушылары үздік дипломдармен марапатталса, 5-сынып оқушылары, 6-сынып оқушылары және 8-сынып оқушылары 2-ші, 3-ші орындармен марапатталды.

Байқаудың мақсаты: оқушыларды әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, кітапханаға оқырмандар тарту, ой-өрісін дамыту, қазақтың ақын-жазушыларының есімдері мен шығармаларын таныстыру.

<https://www.instagram.com/p/CoZbWjmgm1k/?igsh=bnFnc2NnNHQ0bzd5>

10-ақпан күні Сағыз орта мектебінде мектеп тәлімгерлерінің ұйымдастыруымен 9 ақпан күні ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 92 жыл толуына орай "Мұқағали жырлары мәңгілік" атты 2-11 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу байқауы өткізілді.

 Мақсаты:

◆ XX ғасырдың таңғажайып ақыны Мұқағали Мақатаевтың жырларын өлең сүйер қауымға кеңінен насихаттау;

◆ ақынның өмірін, өлеңдерін өзіндік табиғатын саралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу;

◆ өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру;

◆ отаншылдыққа, туған жерге сүйіспеншілікке, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу;

◆ ақынның парасатты поэзиясы арқылы адамгершілікке тәрбиелеу;

<https://www.instagram.com/p/Coe9P9Io1a4/?igsh=MW0yNmt5ZWtraTk2bw==>

1 наурыз-Алғыс айту күніне орай Сағыз орта мектебінің "Өзін-өзі басқару" ұйымы мүшелері қатысуымен мереке қарсаңында халықтың бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында "Алтын жүрек" челленджі ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CpA1T3vITYU/?igsh=ZnkyNHNsaWtmc2xq>

«Алғыс айту» күні мерекесіне орай "Алғыс айту-парызым" атты сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, мектебімізде «алғыс жәшігі» орнатылды.

<https://www.instagram.com/reel/CpOucaHoewn/?igsh=M2p0OTd1NzUweTZs>

<https://www.instagram.com/reel/CpOuxXnouFI/?igsh=MWhzdTg4ZWVjNW8zdA==>

<https://www.instagram.com/reel/CpPsoEwoKv6/?igsh=MWJ5dWpiZmpxMnRtcA==>

<https://www.instagram.com/reel/CpQIJAZlpD3/?igsh=dzNnOHh3djNlaXFp>

17-наурыз күні Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектебімізде поэзия күніне орай "Әдеби марафон" өткізілді. Шараға Мақсатова Шапағат 9-класс оқушысы Орынбек Жолдыбай "Кел, наурыз" өлеңін жатқа орындады.

<https://www.instagram.com/reel/Cp4uo59A5sm/?igsh=cnJiaHEwY3AxYWJs>

Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Поэзия күніне орай "Әдеби марафон" өткізілді. Осы шараға Төлепберген Айым 2 "А" класс оқушысы Мұқағали Мақатаевтың "Отан" өлеңін жатқа орындады.

<https://www.instagram.com/reel/Cp5ePFHoOL2/?igsh=MWpvbmM2MTdzM2UxZQ==>

Сағыз орта мектебінде 10-14 сәуір аралығы "Бала тәрбиесі-ортақ іс" тақырыбындағы әлеуметтік сала бірлестігінің апталығы аясында 11 сәуір күні "Оқы да, ойынды басқаға жеткіз ..." атты кітап оқу акциясы өтті.

◆ Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтыласын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;

Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;

Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

<https://www.instagram.com/p/Cq5wA97oFJ5/?igsh=MXh0N2xnb244b2Ux>

12-сәуір күні қыздар ұйымының жетекшісі Гүлфарида Алдабергенқызының ұйымдастыруымен «Қыздың қорғаны -бұрымы»атты сайыс өтті.Сайысқа 5-10 сынып қыз балалары қатысып,өздерінің өнерлерін ортаға салды.Сайыстың мақсаты оқушыларға ұмыт болуға айналған ұлттық төл мәдениетіміз бен өнерімізді қайта тірілтіп,салт-дәстүрді жаңғырт,әсіресе қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы әділеттікке,инабаттылыққа,ізеттілікке тәрбиелеу.Ақылды да ажарлы,дарынды,талантты,бұрымды қыздарды насихаттау болып табылады.



<https://www.instagram.com/reel/Cq64O-4o4DA/?igsh=MTRqOHo0NTUzdXVyMg==>

10-14 сәуір аралығы "Бала тәрбиесі-ортақ іс" тақырыбындағы әлеуметтік сала бірлестігінің апталығы аясында 13 сәуір күні "Оқы да, ойыңды басқаға жеткіз ..." атты кітап оқу акциясы өтті.

◆Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;
Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;

Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

<https://www.instagram.com/p/Cq-DRcwAlVz/?igsh=MWhsdzBjaTVyeXNwZQ==>

<https://www.instagram.com/p/Cq-H3sSg8VQ/?igsh=MWQyODMyaHplamVjNg==>

1-мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай 8-сыныпта "Бейбітшілік-ел тілегі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.

Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.

<https://www.instagram.com/p/CrgmBm2o--d/?igsh=cnQ3ZTlkcnRkMTZ3>

1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай 2 "А"-сыныбында "Бірлігі жарасқан-Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/CrgmcREoM36/?igsh=MXdnd24zbGVpanUxeQ==>

1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай 6-сыныпта "Ынтымақ-достық кепілі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпақты тарихи-мәдени және рухани құндылықтарды бағалауға үйрету. Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру.

<https://www.instagram.com/p/CrgnEBYozhO/?igsh=MWcwd3lON3g4ampv>

1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай 7-сыныпта "Ынтымағы жарасқан туған өлкем" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы халықтардың ынтымақтастықпен, бірлікпен, тең құқықпен өмір сүріп жатқандығын және оны үлгі етіп, әр халықтың салт - дәстүрлерін сақтап келе жатқан қаншама ұлттардың салт - саналарынан хабардар ету, балалардың өз өнерлерін көпшілік ортаға салу арқылы шығармашылық білімдерін көрсету, балалардың жаңа қырларын ашу.

<https://www.instagram.com/p/Crgnjvlo70u/?igsh=MTU1dHZhdm9ndGFrOA==>

26-сәуір күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Бүкіләлемдік авторлық құқық және кітап күніне "Кітап сарқылмас рухани әлемі" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шараға 4-сынып оқушылары екі топқа бөлініп пән бойынша сұрақтарға жауап берді.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

<https://www.instagram.com/p/Crgn660oEkW/?igsh=MWJiNDZ1bWl6enNodw==>

1мамыр- Қазақстан халқының бірлік күніне мектебімізде "Қазақ елі татулық мекені" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шараға бастауыш класс оқушылары қатысты.

Шараның мақсаты: оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп көп ұлтты халқымыздың тыныштығымен бірлігін нығайтуға атсалысатын азамат болуға тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/CrkBO-CIMsc/?igsh=MWRzcGhpbW84NHFXMw==>

1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні мекесін өткізуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 9 сынып оқушылары арасында мектепшілік "Көп ұлтты, тату елім-Қазақстан " тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CrkGzkNo0he/?igsh=cGhsZXIzNjVidHJs>

Сегізінші бағыт -Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында «Отбасы күніне» орай «Шапағат » аналар клубының мүшелері «Бес асық» «Ұлағат» әкелер клубының мүшелері «Кіші футбол» жарысұйымдастырылып белсенді қатысты.



9-сынып жетекшісі Кульметова Бактыгүлдің ұйымдастыруымен кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарды қолданудың алдын алу мақсатында «Нашақорлық-ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие



сағаты өткізілді.

13-қазан күні « Жол ережесінің қауіпсіздігі» атты айлық кестеге сай жоспар бойынша іс-шаралар жасақталып, өткізілді.

- Іс-шараны өткізудегі мақсатымыз оқушыларға жол ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыр, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру; оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға; сақтыққа тәрбиелеу.
- Осы мақсатта «Жол белгілері достарымыз» « Жол ережесін сақтайық!» «Жолда жүру ережесін білесің бе?» деген тақырыпта жолда жүру ережесін, жол белгілерін толық үйрету мақсатында айлық тәрбие жұмыстары өткізілді.



https://www.instagram.com/p/CjpUW4GgTI/?img_index=1&igsh=YXg1aHNqM29oNmt5

<https://www.instagram.com/p/CjptZbuotLa/?igsh=MXh4c290ZGY2MDZrOA==>

<https://www.instagram.com/p/CjptiN7Ixi1/?igsh=CHF3YW94bWozNDZI>

25—қарашада 4-сынып жетекшісі Сейлханова Айнагүл Аманқосқызының ұйымдастыруымен «Жолда жүру ережесін сақтайық!» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды жол, көлік апаттарынан сақтандырып, жол ережесін қатаң сақтауға үйрету. Жол белгілерімен таныстыру. Оқушылардың бағдаршам туралы түсініктерін кеңейту, жолда жүру ережесі өз өмірлері үшін қажет екенін түсіндіру.



<https://www.instagram.com/p/CIX3XUwoNwD/?igsh=MXJoZjA2dm41Y3c2cQ==>

02-03 Қараша күндері 7-8 ші класс оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасындағы Волейбол жарысы өткен болатын, ауданымыздың 10 мектебінен келген командалар өзара жүлдеге таласты. 🏆🏆 Аталған жарысты Сағыз орта мектебінің ұлдар командасы жүлделі 2 ші орынмен аяқтады. Команданың жаттықтырушысы: Сәрсен Айбар

<https://www.instagram.com/p/Ckd4IMmoEEb/?igsh=MTdiOGg1dDZ2YmpqbA==>

4-қарашада Сағыз орта мектебінде күзгі демалыс уақытында "Дені сау ұрпақ-қоғамның қуатты күші" атты қозғалмалы және үстел ойындары ұйымдастырылды.

9 сынып оқушылары

Сынып жетекшісі: Кульметова Б.Т.

<https://www.instagram.com/reel/Ckis2u0ItQs/?igsh=ZGMzbGRvbDk0MGk3>

7-қараша күні Кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарды қолданудың алдын алу мақсатында Сағыз орта мектебінің 7 -сыныбында "Нашақорлыққа жол жоқ!" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Таңбай Ж.Т.

<https://www.instagram.com/p/Ckqu7sKIy0J/?igsh=czRtam5qZzRvdXNn>

Кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарды қолданудың алдын алу мақсатында Сағыз орта мектебінің 9- сыныбында "Нашақорлық-ғасыр дерті!" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сынып жетекшісі: Кульметова Б.Т.

<https://www.instagram.com/p/CksiiQPAmDU/?igsh=MXRkNnR1eno3ZWRxdQ==>

15-қараша "Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет" құқықтық онкүндік жоспарына сәйкес 14-18 қараша аралығында "Спорт және денсаулық" атты волейбол лигасы басталды. Лигаға мұғалімдер мен оқушылар қатыстырылды.

<https://www.instagram.com/p/Ck-VD4-gMoD/?igsh=NXRpajN5eHfXNGd2>

15-желтоқсан күні Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Айбар Тоянұлының ұйымдастыруымен 3-5 сыныптар арасында "Жеңісімді тәуелсіздікке арнаймын" тақырыбында спорттық сайыс өткізілді. Сайыс нәтижесінде

🥇 орын 4"А"-сынып оқушылар

🥈 орын 5-сынып оқушылары

🥉 орын 4"Ә"- сынып оқушылары

3-сынып оқушылары ынталандыру сыйлығын иеленді.

https://www.instagram.com/p/CmMS_daIxoX/?igsh=cW40OXA3c3p1cTdk

23-ақпан күні Сағыз орта мектебінде 7-сынып оқушылары арасында "Менің ауылымдағы қауіпсіз жол қозғалысы" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/Co_hkigowDG/?igsh=OXduaXpweWVwM2hs

2023 жылдың 10 **наурыз** күні мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құралбек Рахатұлы, әлеуметтік педагог Бибігүл Шүйіншәліқызы, психолог Толғанай Сұлтанғалиқызы және мектеп медбикесі Ақтаева Саяның қатысуымен «ВЕЙП денсаулыққа өте қауіпті» атты тақырыпта ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ақпараттық түсіндірме жұмыстары барысында оқушыларға электрондық темекінің кері әсері және одан туындайтын ауру түрлері, зиянды кері әсері және одан туралы жадынамалар таратылып, видеороликтер көрсетілді.



Сонымен қатар ауылымыздың жанында қар суынан жиналған көлдердің жанына шомылуға болмайды деген белгілер қойылды. Мектеп оқушыларына ауылдың учаскелік инспекторы Ұзақбаев Тұрар суға шомылуға болмайтыны туралы қатаң ескерті жасады. Сынып жетекшілер «Өрт қауіпсіздігі» мен «Судағы қауіпсіздік» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді.



ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ СУДА ШОМЫЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Ағымдағы жылдың 10 мамыр күні Сағыз орта мектебінің 10-11 сынып оқушыларына ауыл инспекторы Ұзақбаев Тұрар “Жаз мезгілінде суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары” тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Аталған тақырып бойынша жас балалардың суға шомыла білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелерін орындамауынан орны толмас қайғы мен өкінішке айналып, осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау мақсатында кеңінен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CsN4voHAg4_/?igsh=MWVrc3Rqb3RocXI4NA==

Сағыз орта мектебінде жаз мезгіліндегі қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында 10-сынып жетекшісі Ержанқызы Айгүлдің ұйымдастыруымен “Өрт қауіпсіздік ережелері” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CsnYbEUllt2/?igsh=ajBzZXlzeDE5emZo>

Ауылымыздың жанында қар суынан жиналған көлдердің жанына шомылуға болмайды деген белгілер қойылды. Мектеп оқушыларына ауылдың учаскелік инспекторы Ұзақбаев Тұрар суға шомылуға болмайтыны туралы қатаң ескерту жасады. Ауыл маңындағы суларға шомылуға тиым салынатынын ескертеміз!

<https://www.instagram.com/p/Csszs2JA-x/?igsh=bHB5YXd6N2Jwem1w>

Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында Күн тәртібінде төмендегідей тақырыптар қамтылды:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі,
3. Санитарлық талаптардың орындалуы,
4. «Балалар қауіпсіздігінің және құқық бұзушылықтың алдын-алу»,
5. 2022-2023 оқу жылының ІІоқу тоқсанының қорытындысы
6. Оқушылардың демалыс кезіндегі қауіпсіздіктері;
7. Тәрбие үрдісіндегі – мектеп медиациясы;
8. 2022-2023 оқу жылының ІІІоқу тоқсанының қорытындысы
9. Отбасы және бала тәрбиесі. Оқушылардың демалыс кезіндегі қауіпсіздіктері;
10. Құқық бұзушылықтар мен жол көлік оқиғаларының алдын-алу;
11. Кибербуллинг және буллинг, суицид жағдайларының алдын-алу;
12. Ерте жүктілік және жыныстық қол сұғушылық оқиғаларының алдын-алу;
13. «Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасылық тәрбие стилінің әсері»;
14. 2022-2023 оқу жылының ІVоқу тоқсанының және жылдық қорытындысы
15. «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам»;
16. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Жазғы кезеңде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу;
17. «нашақорлық пен есірткі, құқық бұзушылықтың алдын-алу»;
18. Жыл бойы мектеппен тығыз байланыс жасаған ата-аналарды марапаттау тақырыптарында ата-аналар жиналыстары өткізілді

2022-2023 оқу жылында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. «Жас Ұлан» ұйымы отырысы өткізіліп, ұйым мүшелерінің келісімімен мектеп ұланбасы өз қызметін жалғастыруда. Ұйым жұмысы жоспарлы түрде жалғасын табуда. «Сағыз» дебаттық қозғалысы аясында өз жұмысын лайықты түрде атқарып келеді.

Жетекшісі: Жакупова Гүлжан

Ұйым атауы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
«Жас Қыран»	126	116	
«Жас Ұлан»	112	130	
Барлығы	238	246	

2022-2023 оқу жылында ішкі есепте оқушылар болған жоқ.

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы	-	-	-

мәлімет			
Ішкі істер бөлімі есебіне алынған оқушылар	-	-	-
Жағдайсыз отбасы балалары туралы мәлімет	-	-	-
Инклюзивті білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар туралы мәлімет	-	-	-

2022-2023 оқу жылында мектебімізде 4 отбасынан 10 оқушы жартылай жетім, 5 отбасының 11 оқушы аз қамтылған, ААҚҚ жоқ, 11 отбасынан 23 оқушы толық емес отбасы, 46 отбасынан 132 оқушы көп балалы отбасының балалары білім алуда. Жекелеген санаттағы оқушыларымызға мектепке жол, «Қамқорлық» республикалық қайырымдылық акциялары шеңберінде, атаулы мереке күндері де көптеген әлеуметтік көмектер ұйымдастырылды. Сонымен бірге жылдағы дәстүр бойынша тамыз айында «Мектепке жол-шекарасыз жақсылық» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Шараның мақсаты: аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына және жетім, Бұл игі шараға мектебіміздің мұғалімдері атсалысып, аз қамтылған отбасының балаларына мектеп құралдарын алуға көмектесті. Жекелеген санаттағы оқушылар бір мезгіл тегін ыстық тамақпен, оқу құралымен, оқулықпен толық қамтылған. Осындай қайырымды іс-шаралар жыл бойы дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

1. ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
2. жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған

ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

3. Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

I. Ұлттық мүдде құндылығы:

- ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным

- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

II Ар-ұят құндылығы:

- ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- ✓ Адал еңбекті құрметтеу;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- ✓ Халқына адал қызмет ету;
- ✓ Әдеп нормаларын ұстану;
- ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

III Талап құндылығы:

- ✓ Сыни және креативті ойлау;
- ✓ Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- ✓ Физикалық белсенді болу;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстану;
- ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

Мектепте 1-11 сынып аралығында 15 сынып комплектісі бар.

Оқушы саны – 282. Оның ішінде ұл-148, қыз-130

Оның:

1-4 сыныптарда – 116 оқушы

5-9 сыныптарда – 130 оқушы

10-11 сыныптарда – 32 оқушы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19-қыркүйектегі № 294 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 20-қыркүйектегі №398 бұйрығы, **Байғанин ауданының білім бөлімінің 2023 жылғы 29-қыркүйектегі №796 бұйрығы және**

Сағыз орта мектебінің 2023 жылғы 29-қыркүйектегі № 61 бұйрығы негізінде “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” мектепке енгізіліп, тәрбиенің жылдық жұмыс жоспары педагогикалық кеңесте қаралып құрылды. Тәрбиенің жылдық жоспарынан сынып жетекшілердің айлық тәрбие жұмыс жоспары сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің отырысы кезінде қаралып, сараланып, құрылып бекітілді.

Оқу жылының басынан бастап сынып жетекшілері тәрбиенің кешенді жұмыс жоспары негізінде жұмыс жасап келеді. Сонымен қатар, “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру және ата-аналармен тығыз байланысты күшейту, жұмысты жандандыру мақсатында мектепте “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” ашылды.

“Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты” КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15-тамыздағы №4 хаттамасы, мектептің 2023 жылғы 4-қыркүйектегі №100 бұйрығымен “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” ашылды. Орталықтың мақсаты, оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Мектептің педагогтері арнайы курстан өтіп, ата-аналарға орталықтың жоспары негізінде ай сайын сабақтар өткізуді бастады.

Мектепте осы орталық жанынан “Даналық мектебі” клубы құрылды. Аталған клубта жетекшілер тағайындалып, іс-шараларын жоспарлап, жұмысқа кірісуде. Сынып жетекшілері апта сайын өтетін тәрбие сағаттарында және сыныптан тыс іс-шараларды оқушыларға ұлттық құндылықтарға негізделген тақырыптармен өткізіп келеді.

Сонымен қатар «Шебер қолдар», «Балдәурен хор», «Шұбар доп» волейбол үйірмелері жұмыс жасауда. Бастауыш сыныптар мен орта буын оқушылары, жоғары сынып оқушыларымен (ер балалар мен қыз балалар) секциялары өткізіледі.

– әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

– **Құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын өткізу ұсынылады;**

Сағыз орта мектебінде "Бірыңғай тәрбие" бағдарламасы бойынша **"Өр талапты, озық ойлы ұлан "** жобасы жүзеге асыру мақсатында 1-қыркүйек Білім күнін мерекесіне орай «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтіледі.

Мақсаты: балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту; ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету; оқушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу



12-қыркүйек күні дене шынықтыру пән мұғалімдерінің бірігуімен "Ұрпаққа аманат" жобасын іске асыру барысында Отбасы күніне орай «Отбасым -бақыт мекені» атты «Көңілді старт» аналар сайысы отбасылық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Сайысқа 5 «а», 5 «ә», 6, 7- сынып оқушыларының ата-аналары қатыстырылды. Мектеп директоры сайысқа қатысушы аналарды құттықтап, сыйлықтар табыстады.




Отбасы күніне орай 12-қыркүйек күні «Отбасым-бақыт мекені» атты көңілді старт аналар сайысы өткізілді. «Отбасы құндылығы» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып ілінді, «Отбасы тәрбие көзі» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру.



28-қыркүйек күні "Еңбегі адал-жас өрен " жобасын іске асыру барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» акция аясында мектеп қызметкерлері мен ұстаздарына брашюралар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



4-сынып оқушыларына «Парасаттылық-адамдықтың белгісі» 5-класс оқушыларына «Парасаттылық академиялық» тақырыбында адалдық сағаттары өткізілді. Адалдық сағатында оқушылар өз ойларын ортаға салып, адалдық пен парасаттылық туралы өз көзқарастарын білдірді.



Мұғалімдер күніне орай 2023 жылдың 5-қазан күні мектебімізде "ДУБЛЕР КҮНІ", яғни білім алушылардың өзін-өзі басқару күні өтті.

Дублер күнінің мақсаты - мектептегі өзін –өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөліне үміткер мектеп парламенті мүшелері Президенті, 10-11- сынып оқушылары ұсынылып, қызметкерлердің рөлін, міндеттерін ұсынылған оқушылар атқарып, сабақтарын өтті. Дублер күнінің нәтижелері бойынша мектеп оқушыларының жиыны өткізіліп, Дублер күні қорытындыланды.

Оқушылар арасында белсенді өмірлік ұстамдарды қалыптастыру, сайлау заңнамасындағы құқықтық мәдинетті жетілдіру, оқушыларды әлеметтендіруге жағдай жасау мақсатында өзін-өзі басқару ұйымының мектеп президенті сайлау және «Жас Ұлан» ұйымының Ұланбасын сайлау рәсімі ұйымдастырылды.



"Ұрпаққа аманат" жобасын іске асыру барысында 1 қазан- қарттар күніне арналған **«Қарттарым асыл қазынам»** тақырыбында Аманқос Айсұлтан 5 «Ә»-сыныбына және Сейлханова Кенжегүл 3 «Ә»-сыныбына тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.



"Ұрпаққа аманат" жобасын іске асыру барысында 1 қазан- қарттар күніне арналған **«Ақылды қария-ағып жатқан дария»** тақырыбында Қилыбаева Гүлсезім 8-сыныбына тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына оқушылардың ата-әжелері арнайы шақырылып, ғибратты әңгімелерін тыңдап, аталар ақ батасын берді.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін ұғындыру.



"Еңбегі адал жас ұрпақ" жобасын іске асыру барысында 25-қазан Республика күніне орай бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға аға ұрпақтың ерлік істерін үлгі ете отырып, Отанын, елін сүйуге деген патриоттық сезімдерге баулу. Болашаққа сенімдерін қалыптастыру, саналы да білімді азамат болуға тәрбиелеу.



22-қаңтар күні Өскінбай Жадыраның ұйымдастыруымен 6-сыныпқа **«Өр талапты, озық ойлы ұлан»** жобасы аясында «IQ game» зияткерлік ойынын өткізді.

Ойынның мақсаты: Оқушылардың білімдерін сайысқа түсіріп, логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін шыңдау, дарынды, озық болуға тәрбиелеу.



23-қаңтар күні Мектебіміздің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қалқаманов Қанаттың ұйымдастыруымен 1-4-сынып аралығында **«Өр талапты, озық ойлы ұлан»** жобасы аясында «Қыс қызығы» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. .

Бұл іс-шараның өткізілу мақсаты оқушыларды табиғаттың әсем көріністеріне назар аударып, сурет салу шеберліктерін арттыру.

Тек үздік туындылар мақтау қағаздарымен марапатталды. Көрмеге әр сыныптан қатысты.



23-қаңтар күні **«Өр талапты, озық ойлы ұлан»** жобасы аясында 23-ақпан күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Мектеп сұлтаны-2024» байқауы өткізілді.

Байқауға мектебіміздің 10-сынып оқушысы Мақсатұлы Нұрлықожа қатысып, жүлделі II орынды иеленді.

Мақсаты: Салт-дәстүрді насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттер мен өнерін көрсету, ер балаларды батырлыққа, шешендікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.



- Сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен, медбикемен, кітапханашымен бірлесіп өткізу ұсынылады;

27-қазан күні **" Оқушылар арасында вейп тұтынудың алдын алу "** мақсатында мектеп медбикесі Ақтаева Сая «Синтетикалық есірткіден сақтану» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақта бейнероликтер көрсетіп, талқылау сұрақтар қойылып, оқушылардан жауаптар алынды.

Мақсаты: Есірткінің зиян екенін, одан әрдайым аулақ болу керектігін түсіндіру.



2023 жылдың 15-қараша күні мектеп кітапханашысы Ноғай Нұрзипа Қазақстан ұлттық валютасының айналымға енгеніне 30-жыл толуына орай 6-сыныпқа «Ұлттық теңге-ұлт мақтанышы» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Мақсаты: Оқушылар төл валютамыздың қабылдану тарихымен танысып, өзара ой-пікір алмасты.

Оқушыларға теңге туралы сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауап алынды.

Мақал-мәтелдер айтылып, олардың мағынасын ашып түсіндірілді.



28-қараша күні **"Ұрпаққа аманат"** жобасы аясында мектеп медбикесі Ақтаева Сая "Ерте жүктіліктің алдын алу" мақсатында 8-11-сынып оқушыларына (қыз балалар) түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ерте жүктілік оның салдары, қалай алдын алу керек?-деген тақырыптарда сөз сөйлеп, оқушылар назарына слайдтармен, бейнероликтер ұсынылды.



14-желтоқсан күні мектеп кітапханашысы Ноғай Нұрзипа сынып жетекшілермен бірлесе отырып, **"Оқуға құштар мектеп "** жобасын іске асыру барысында Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында әдеби марафон өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпақты өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеу, туған жеріне, еліне сеген сүйіспеншілігін арттыру, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу.



22-қаңтар күні мектебіміздің психологі Базархан Бағдагүлдің ұйымдастыруымен «ДосболLike: достық қолын ұсын» акциясы аясында «Көтеріңкі көңіл күй» бағытында «Татулық-достық кілті» тақырыбында 10-сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету.



2024 жылғы 30-қаңтар күні мектебінде **"Ұрпаққа аманат" жобасы** аясында «Жат қылықтың қыз дағдырына әсері» тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналысқа 8-11 сынып қыз балалары қатысты. Аталмыш шараны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбай ашып, сөз сөйледі. Өз сөзінде қыз балаға берілетін тәрбиенің маңызы, қоғамда қыз бала тәрбиесінде жіберіліп жатқан олқы тұстарды тілге тиек ете отырып, қыздардың тән мен ар тазалығы туралы түсіндіріп, бесігінде жақсы тәрбие алған қыз бала ертеңгі ана екендігін еске салды.

Мектеп педагог-психологы Базархан Бағдагүл «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыбында мектеп жасындағы қыз балалардың тағдыры жөнінде тағылымды ақпарат беріп, қыздардың сырласы анасы болғандықтан, анасынан ешқандай сыр жасырмау керек екендігін баса айтты. Сонымен қатар қыздардың кешкі уақытта үйден шықпауын, интернет желісінде түрлі әлеуметтік желілерде отырмауын тапсырып, кеңестерін берді.

Мұнан соң сөз алған мектеп медбикесі Ақтаева Сая қыздар арасындағы ерте жүктіліктің салдары, денсаулыққа зияны, өмірге қауіптілігі туралы ауқымды әңгіме жүргізіп, қыздардың жеке бас гигиенасы, тазалығы жайлы түсіндірме жұмыстарын жасады.

Жиналыс соңында "Қызғалдақ" қыздар клубының жетекшісі Есіркепова Гүлфарида кешкі уақытта қыдырмау, өзін дұрыс ұстау, ерсі қылықтар жасамау керектігін айтып өтті. Қыз баланы тәрбиелеу - ұлтты тәрбиелеу. Қыз балалар арасында жат қылықтардың алдын алу жұмыстарын күшейте отырып, қоғам назарын қыз тәрбиесіне арнауда ақпарат беру мақсатында өткізілген жиналыста еркін пікір алмасу болып, кері байланыс жүргізілді.



2-сәуір күні Сағыз орта мектебінде Байғанин аудандық білім бөлімі, Ақтөбе облыстық білім басқармасының 27.03.2024 жылғы №01-14/905 санды хатына сәйкес «Қыз бала тәрбиесі мен ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында 8-11 сынып қыздарына бірыңғай тәрбие

сағаттары өткізілді.Тәрбие сағатына мектеп медбикесі Ақтаева Сая қатысып,,дәріс оқыды.

Мақсаты:Елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік,оның денсаулыққа,болашағына қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып,қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл –кеңестер бер



Мектеп кітапханасында «Әлемге әйгілі- Әуезов » тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен тағдыры өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, өз тарихын құрметтеуге, ұлттық киелі орындармен таныстыруға, нені түсінуге тәрбиелеудің қуатты құралы. Өйткені, қиындықтарды жеңуге көмектесетін, дұрыс жолды көрсететін және жанды қуатпен толтыратын кітаптар.

"Күзде біз жалықпаймыз,кітап оқимыз" тақырыбында оқушылар арасында челлендж ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің демалыс кезінде оқыған қызықты кітаптары туралы ойларымен бөлісті.

-Бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асыру ұсынылды нәтижесінде ;

22-қыркүйек күні **"Еңбегі адал-жас өрен "** жобасын іске асыру барысында «Қайырымды істер марафоны» аясында «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының мүшелері Теміржолшы қызметкерлеріне барып,алғыстарын білдіріп,ыстық шай мен бауырсақтарын таратты.



27-қыркүйек күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында « Мен еріктімін» акциясы өтті.Акция мектебіміздің еріктілері қатысып,ауылымыздың көмекке мұхтаж жалғыз басты Орақова Эльмира ананың және Мәрияш әженің үйіне барып көмектерін көрсетті.

Мақсаты:мұқтаж көмек көрсету,еңбек ету қабілеттілігін,әр түрлі еңбек қызмет түрлеріне,үй шаруасындағы міндеттерге саналы жауапкершілікті және шығармашылық қатынасты қалыптастыру.



24-қантар күні мектебімізде еріктілер тобының жетекшісі Қилыбаева Гүлсезімнің ұйымдастыруымен **“Еңбегі адал жас өрен ” «Менің таза аулам»** тақырыбында мектебіміздің жанынан құрылған **“Жақсылық жасайық”** еріктілер тобының мүшелері мектеп ауласында тазарту жұмыстарын жүргізді,

Мақсаты:оқушылардың бойына айналаны қоршаған ортаны таза ұстаудағы оқушының жауапкершілігін арттыру. Тазалыққа көңіл бөле білуге, отанын, жерін сүюге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу .



26-қаңтар күні мектеп тәлімгері Қилыбаева Гүлсезімнің ұйымдастыруымен «**Еңбегі адал жас өрен**» жобасы аясында мектеп оқушылары арасында мектепішілік «**Жылы жүрек-жомарт қол**» атты жәрмеңке ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балалардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен балаларға көмек көрсету, оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу.

Жәрмеңкеден түскен қаражат Түркия қаласында емделіп жатқан жерлесіміз, әрі мектебіміздің шәкірті Жанмендеттің еміне аударылды. Жәрмеңкеге ат салысқан ата-аналарымыз бен оқушыларымызға алғысымызды білдірдік.



– Тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарту (кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстары, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер және т. б.) – танымал, атақты тұлғаларға, оның ішінде мектепке аты берілген тұлғалар туралы тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды өткізілді;

«Ұстаздар күніне орай» мектебімізде ұстаздар аллеясы ашылды. Сонымен бірге осы мектепте Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері Әбиев Жарылғас Әбиұлының құрметіне орай математика кабинеті ашылды, және саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Жаулин Киікбай Мыңбайұлының есімі тарих кабинетіне берілді.

Мектеп мұғалімдері құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түнгі кезекшілік рейд жүргізілді. Түнгі рейдке ата-аналар комитетінің төрайымы және ауылдық учаскелік инспекторы қатысты.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша 7-11-сынып ербалаларына ауылдық учаскелік инспектор Т.Мәлікұлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

6-қаңтар күні " **Еңбегі адал жас өрен** " жобасы аясында кәсіптік бағдар беру мақсатында Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясына оқуға түсуге мамандармен мативациялық кездесу өткізілді. Кездесуге Сағыз орта мектебінің 9-11-сынып оқушылары қатыстырылды. Оқушылар академияға оқуға түсу шарттары туралы, ақпарат беріліп, білім бағдарламасымен таныстырылды. Оқушыларға слайд, презентациялар көрсетіліп, жадынамалар таратылды.



19-қаңтар күні " **Еңбегі адал жас өрен** " жобасы аясында кәсіптік бағдар беру мақсатында Байғанин техникалық колледжінің мамандары мектебіміздің 9-11-сынып оқушылары мен ата-аналарына жиналыс өткізді. Жиналыс барысында 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді оқуға шақырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқу ғимаратының базасын, мамандықтар туралы презентациялар көрсетіліп, жадынамалар таратылды.



2024 жылғы 20-ақпан күні мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары негізінде «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында «Ардагерлер-асыл ерлер» атты Тәжік- Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші өтті.

Мақсаты: оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, елін, жерін сүйетін нағыз патриот болу.

Кездесу барысында ауылымыздың ардагерлері Рахманов Айтбай ағамен Жұмабай Уалихан ағай өз естеліктерімен бөлісіп, сұрақтарға жауап беріп, жастарды бейбіт өмірдің бағасын білуге шақырды. Жас ұрпақтың бойына рух беретін әңгімелер елдің еңсесін биік көтерген батырларымыздың ерен еңбегі жайлы сұхбат берілді.



«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Алғысым шексіз» атты кездесу кешімізге ата-ананың жолын жалғап, аманатқа адалдық танытып, бар саналы ғұмырын білім беру ісіне арнаған ұстаздар династиясы – Жұмабаевтар жанұясы шақырылды.

Жұмабай Төлеген ағай, Мұқаш Гүлназия апай қатысып, оқушыларымызға өздерінің еңбек жолдарымен таныстырды. Сонымен қатар ұстаздар династиясының жалғасып келе жатқандығын мақтанышпен айтып өтті.

Қазіргі таңда оқушыларға өнегелі тәрбиесін беріп жүрген, ауылға еңбегі сіңген ардагеріміз Мұхамбет ата мен Диган әжеміздің еңбек жолы туралы да баяндалып, ардагерлерімізге құрмет көрсетілді.



16-ақпан күні Сағыз орта мектебінде «Отбасы-тұрмыстық саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында кездесу өткізілді.

Аталған іс-шараға ауылдық учаскелік полиция инспекторы Базаров Бақберген Ізбасарұлы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тайшыбай Құралбек, мектеп психологі Базархан Бағдагүл қатысты.

Кездесу барысында Тайшыбай Құралбек Рахатұлы «Отбасы-тұрмыстық саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында баяндама оқып, мектеп психологі Базархан Бағдагүл «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» туралы айтып өтті.

Сонымен қатар Базаров Бақберген «Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері», Кәмелетке толмағандар арасында орын алып жатқан құқықбұзушылық пен буллинг, зорлық-зомбылық, интернет тәуелділік пен ойынқұмарлық туралы мәселелерге тоқталды.

Бейне роликтер көрсетті.

Кездесу барысында оқушылар өздерін ойландырып жүрген сұрақтарға толыққанды жауап алды.



Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады:

"Ұрпаққа аманат" жобасын іске асыру барысында 1 қазан- қарттар күніне арналған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында іс – шаралар өткізу. Іс- шара барысында 6-сынып жетекшісі Өскінбай Жадыра сынып оқушыларымен бірге Мұхамбетқали ата мен Диған әжеге, Құлметова Бақтыгүл

10-сынып оқушыларымен бірге Сұлтанбек ата мен Жанат әженің үйлеріне мейрамдарымен құттықтап барды. Оқушылар үлкен кісілердің ақылын тыңдап, батасын алып қайтты.



27-қазан күні "Еңбегі адал жас ұрпақ" жобасын іске асыру барысында алтын күз мерекесіне орай 1-2-сынып оқушыларына «Күзгі бақ» сайысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар 7-11-сыныптар арасында «Күз көрінісі» бейне роликтер сайысы мен класс аралық «Себеттер сыйы» жөрмесі өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға күз мезгілінің ерекшеліктері мен күзде атқарылатын жұмыстар туралы түсініктерін кеңейту. ,Күзгі молшылық ,береке туралы әңгімелеу. Оқушыларды адамгершілікке, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.



11-12 ақпан күндері мектебіздің технология пәнінің мұғалімі Қалқаманов Қанаттың ұйымдастыруымен «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында **"Қалдықтарды табыстарға айналдыру"** іс- шарасы өткізілді.

Мақсаты: Еңбек тәрбиесі арқылы баланың әдет — дағдысы және ынталығы, байқампаздығы, айнала қоршаған өмірге қызығушылығын дамыту. Адамгершілік қасиеттерімен бірге іскерлік, еңбекке мәдениеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Бұл бала үшін күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі балалар үшін ерекше әсер етті. Өз қолдарымен жасаған туындыларына тамсанып, қуаныштарын жасырмады



«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 4-сынып оқушыларының арасында **"Қалдықтарды табысқа айналдырайық"** акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды қоршаған ортаны аялауға уйрете отырып, қалдықтарды қайта өңдеуге, пластикалық қалдықтарды табысқа айналдыруға баулу; -Табиғатты қорғау құндылығын ояту мақсатында 4- сынып оқушылары арасында қалдықтардан күнделікті өмірге қолданатын бұйымдар шығарып үйренді.



- Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады:

5-қыркүйек Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне және Тілдер мерекесіне орай «Тіл- кемел болашақтың тұғыры» атты апталық аясында «Қазақ халқының ұлт-көсемі» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы бір қатар деректермен бөлісті. Балалар сұрақ – жауапқа қатысып, өлеңдер оқып, өз ойларын ашық жарқын, емін еркін білдірді.



25- қазан Республика күніне орай 10-сынып оқушыларымен «Қазақстан-достық мекені» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың Отанын мақтан етуге, сүйуге, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азамат тәрбиелеу.

Сонымен бірге 11-сынып оқушылар арасында «Менің арманымдағы- Қазақстан» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

Осы мерекеге орай мектеп ұстаздары мен білім алуышалары «Қазақстан даусы» мемлекеттік гимін орындау шарасы өткізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 27-қараша күні «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға ар мен адалдық сезімдерін ұғындыру. Адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру.



Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында оқушыларға, ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, тәрбие жоспарына сәйкес “4 тоқсан-4 өнер” жобасына сәйкес 1-11 сынып оқушылары арасында білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, елдің мәдени мұрасын сақтау және ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында “Бес асық”, “асық ату” ұлттық ойындарынан челленджі өткізілді. Оқушылар челледж барысында ептіліктерін көрсетіп, мергендік танытты.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқанының іс-шаралар жоспары аясында 7-класс оқушыларының арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тәрбие сағаты өткізіліп, жар газеттері шығарылды.

Мақсаты: құқықтық, рухани және дене тәрбиесі арқылы жастардың зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке қарсы тұруын дамыту.



1-наурыз күні «**Өр талапты, озық ойлы ұлан**» жобасы аясында 1-наурыз күні Алғыс айту күніне орай 1-11 сыныптарда “Алғыс айту мен алғыс алу керектігінің мәні” тақырыбында **тәрбие** сағаттары мен челлендж ұйымдастырылды. ..

Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту және үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту мен әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында өткізілген тәрбие сағаттарының берер тәлімі мен тағылымы мол болды.



1-наурыз күні Қызылова Гүлсаяның ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары негізінде «**Ұрпаққа аманат**» жобасы аясында күй өнері ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлтымыздың рухани құндылығы «Домбыра – асыл мұра» атты мерекелік іс-шара өткізілді.



«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары негізінде «**Ұрпаққа аманат**» жобасы аясында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісінің Қилыбаева Гүлсезімнің ұйымдастыруымен 6-наурыз күні «**Әлем сұлу сіздермен-нәзік жандылар**» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.



Сағыз орта мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары негізінде «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында «**Анашым-ардақты жан**» «**Ана-өмірдің гүл**» «**Анашым-бір күнім саған арналады**» тақырыбында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.



22-наурыз күні Тайшыбай Құралбектің ұйымдастыруымен жоспары негізінде «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында «Армысың, ӘЗ-НАУРЫЗ!» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Мерекелік іс-шараға «Даналық клубы» Әжелер мектебі, Жеңелер мектебі, Ағалар мектебі, мектеп Парламенті мүшелері белсене қатысты.



-Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылады:

Мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен «Жас қыран» ұйымының мүшелеріне «Абайлаңдар балалар!» тақырыбында жол ережесін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Балалардың жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру;



"Ұрпаққа аманат" жобасын іске асыру барысында бойынша оқу-жаттығулар.

ТЖ кезінде іс-қимылдарды пысықтау

2023 жылдың 20 қыркүйегінде төтенше жағдайлар туындау қаупі кезіндегі эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу өтті.

Оқу жаттығуына мектеп қызметкерлері, мектеп әкімшілігі, оқушылар қатыстырылды.



Мұрагер ұлдар ұйымына «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» (Зорлық –зомбылық,бопсалау) туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу;



«Нашақорлыққа қарсымыз ! » жоспар аясында 9-сынып оқушыларының ұйымдастырылуымен кіші футболдан жарыс өткізілді.

Мақсаты: жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, балаларды спортпен айналысуға ынталандыру.



17-қараша күні *"Өр талапты, озық ойлы ұлан"* жобасын іске асыру барысында «Жол белгілері достарымыз» тақырыбында 1-4 сынып оқушылар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар ауылдық учаскелік инспектор Тұрар мәлікұлы қатысып, жол ережесі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Жол белгілерін үйреніп, оның түрлерін ажырата білуге, білгендерін пайдалана білуге тұрақты дағдыға айналдыруға үйретеді. Оқушыларды жауапкершілікке сергектікке, жол ережесін бұлжытпай орындауға, жол белгілерінің есте сақтау дағдысына тәрбиелеу.



20-қараша күні 2023 жылдың 20-қараша күні 5 «ә»-сыныбына Аманғос Айсұлтан *"Балалар-интернет-медиа қауіпсіздік"* бағдарламасын орындау аясында *"Интернетті пайдаланудағы балалар қауіпсіздігінің негізгі қатерлері"* атты медиақауіпсіздік сағаты өткізілді.

Сабақ барысында **балалар интернетті** пайдалану кезіндегі **қауіпсіздік** ережелерімен танысты.



15-қараша күні Байшүкіров Темірлан мен Талғатұлы Ернар 8-9 – класс оқушыларымен «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында диалог алаңы ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Балаларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.



2023 жылдың 25-қаңтар күні 11-сыныпқа *"Оқушылар арасында вейп тұтынудың алдын алу"* мақсатында *"Электронды темекінің зияны"* тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақ барысында оқушылар жар газеттері мен презентациялар әзірлеп, таныстырылым жасады. Өз ойларын ортаға салды.

19-ақпан күні 3"а"-сынып оқушыларына «Балалар -Интернет-Медиа қауіпсіздік» жоспарына сәйкес "Компьютер және балалардың денсаулығы" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты:оқушыларға компьютер пайдалануға байланысты қауіпсіздік ережелерін білуге үйрету.



19-ақпан күні 5"А"-сынып оқушыларына «Балалар -Интернет-Медиа қауіпсіздік» жоспарына сәйкес "Компьютер және балалардың денсаулығы" атты медиақауіпсіздік сағаты өткізілді.

Медиа сабақта интернет қауіптердің жіктелуі, интернеттегі қауіпсіздік, интернетпен жұмыс жасаудың ережелері туралы толық түсініктер берілді.

Мақсаты: балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру .



6-наурыз күні Аудандық білім бөлімінің спорттық іс-шаралар жоспарына сәйкес «**Ұлттық мектеп лигасы**» жобасы аясында «Асық ату»жарысында жалпы командалық есеп бойынша Сағыз орта мектебінің командасы жүлделі I орынды иеленді.



1-наурыз күні Сағыз орта мектебінде «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай Парламент ұйымының ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын сақтап,нашақорлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік волейболдан турнир өткізілді.

Нәтижесінде : 1-орын: 9-класс 2-орын:10-класс 3-орын:11-класс

11-класс Асқарбай Ануар «Үздік байланыстырушы»

7-класс Төлепберген Еркебұлан «Үздік қорғаушы»

9-класс Жеткербай Әмір «Үздік ойыншы» номинацияларына ие болды.



5-ақпан 2024ж

«**Ұлттық мектеп лигасы**» жобасы «Балалар жасөспірім спорт мектебінде» волейболдан 2012-2013 жыл туылған жасөспірім ұлдар арасында өткен Байғанин аудандық ашық біріншілігінде Сағыз орта мектебінің командасы I орынға ие болды.



10-ақпан күні Сағыз орта мектебінде «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында Волейболдан қайырымдылық турнирі ұйымдастырылды. Турнирге ауылымыздың ауылымыздың жастары және мектеп оқушылары қатыстырылды.

Бұл іс-шаралар салауатты өмір салты, дене шынықтыру және спорт құндылықтарын қалыптастырады, сонымен қатар адамның денсаулығына жауапкершілікпен қарауды дамытуға ықпал етеді.



«Балалар және театр» жобасы аясында

«Балалар және театр» жобасын іске асыру барысында 11 желтоқсан «Даналық мектебі» «Әжелер даналығы» бағыты бойынша «Ертегі-танымның көзі» тақырыбында іс-шара өткізілді. Танымдық кеште «Жалқау бала» ертегісінен үзінді қойылымы сахналап көрсетілді.

Мақсаты: әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.

Кеш соңында әжелеріміз немерелеріне ертегілерін айтып, балалар мен ұстаздарды бір ұйытып тастады.



«Балалар және театр» жобасын іске асыру барысында 6 ақпан күні “Dosbolike” акциясы «Шығармашылық ынтымақтастық» бағытында «Менің атым-Қожа» повестінен үзінді қойылым көрсетілді.

Мақсаты: Қожа бейнесі арқылы оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдебиетті сүйуге, үлгі-өнеге алуға шақыру. Жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.



«Балалар және театр» жобасын іске асыру барысында 6 ақпан күні “Dosbolike” акциясы «Шығармашылық ынтымақтастық» бағытында «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбы бойынша оқушылар «Қошқар мен теке», «Бидайдың масағы» ертегілерін сахналап көрсетті.

Мақсаты: Оқушыларды ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани тәрбиемен қаруландыру. Ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.



«Балалар және театр» жобасын іске асыру барысында 27 желтоқсан күні Жаңа Жыл мерекесіне орай «Жаңа жылдық оқиға» сахналық қойлымы көрсетілді.

Мақсаты: Балаларға Жаңа Жыл мерекесі туралы мағлұмат беру. Жаңа Жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қызығушылықтарын арттыру.

Шара соңында оқушылар әдемі қойылымдары үшін Аяз атаның сыйлықтарына ие болды.



“Тоғыз айға тоғыз іс-шара” тұжырымдамасының орындалуы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім беру ұйымдарында өткізілетін “Тоғыз айға 9 іс-шара” тұжырымдамасы әзірленген болатын. Тұжырымдама білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынға іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шаралардың тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады.

“Тоғыз айға тоғыз іс-шара” тұжырымдамасы бойынша қыркүйек айы "Сергіту сәтін" өткізу барысында, балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында “Біз спортты сүйеміз” атты ұранмен 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен Республикалық челленджі өтті.

Челлендж мақсаты – балаларға салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.



2023 жылдың 20-қазанда "Әнұран айту" Республикалық Челленджі "9 айға- 9 іс-шара" жобасы негізінде біздің мектебімізде де өз жалғасын тапты.


Қатысушылар : мектеп ұжымы, мектеп оқушылары және кіші қызметкерлер қатыстырылды.

Әнұран-мемлекеттің басты рәміздерінің бірі.Әнұранда жазылған өлең шумақтары-адамға зор рухани әсер беретін күштің,халықтың, ұлттың, мемлекеттің, елдің бірлігінің нышаны сипатталады.Жалынды әуенді естіген әрбір қазақтың бойында адам жүрегінде Отанға деген терең сүйіспеншілік пен патриоттық сезім оянады.




2023 жылдың 17- қарашасында «9 айға 9 іс-шара» жобасы бойынша 1-11 сынып оқушылары арасында оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, елдің мәдени мұрасын сақтау және ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында Республикалық «Асық ату» ұлттық ойындарынан челленджі ұйымдастырылды.

Оқушылар челлендж барысында ептіліктерін көрсетіп, мергендік танытты.



2023 жылдың 20- желтоқсан күні “Тоғыз айға 9 іс-шара” тұжырымдамасының іске асыру аясында, «Шығарма жазу: болашаққа хат» тақырыбында 5-11 сыныптарда челлендж өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өз жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу. Шығарма жазу арқылы балалардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталды. Шығармада оқушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы жазу ұсынылды.



2024 жылдың 26-қаңтар күні “9 айға 9 іс-шара” жобасы аясында Республикалық “Қазақ есебі” челленджі ф.м.ғ.д, профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналды.

Мақсаты: білім алушылардың крестивті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.



2024 жылдың 28-ақпан күні “9 айға 9 іс-шара” жобасы аясында «Оқуға Құштар мектеп» челленджі өтуде.

Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту. Міндеттері: Білім алушының функционалдық оқу дағдысын және шығармашылық қиялын дамыту Білім алушының кітап оқуға қызығушылығын ояту Білім алушыларда оқыған кітаптарының мазмұны мен сүйікті кейіпкерлерінің мінез-құлқы туралы өзара талқылауға негізделген қарым-қатынас жасау мәдениетін дамыту



2024 жылдың 20-наурыз күні “9 айға 9 іс-шара” жобасы аясында “Күй күмбірі” тақырыбында домбырашылар челленджі өткізілді.

Мақсаты: білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін, рухани- адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, балалардың домбыра тарту мәдениетін насихаттау, еліміздің мәдени мұрасын сақтау.



2024 жылдың 18-сәуір күні “9 айға 9 іс-шара” жобасы аясында «Шахмат ойнау» челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: шахмат ойыны арқылы балалардың зияткерлік және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

2024 жылдың 6-мамыр күні “9 айға 9 іс-шара” жобасы аясында «Жасыл мекен» челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбек құндылығын қалыптастыруға, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады.

Іс –шара білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Іс- шараға мектеп түлектері мен ата-аналар, ұстаздар мектеп ауласына түп көшеттер отырғызды.



Өткізілген іс-шаралардың нәтижесі мектептің әлеуметтік желідегі инстаграм парақшасында жарияланды , хэштектері қойылды.

“Төрт тоқсан - төрт шара” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасын іске асыру, білім беру ұйымдарындағы іс-шараларды өткізудің мазмұнын және бірыңғай тәсілдемесін әзірлеу арқылы білім алушыларға ұлттық құндылықтарды насихаттау.

«І ТОҚСАН АҚЫНДАР АЙТЫСЫ»


«Сағыз орта мектебі» КММ-де “Төрт тоқсан - төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының іс-шаралар концепциясы негізінде жұмыс жоспары құрылды. І тоқсанда республика күні мерекесіне арналған “Ақындар айтысы” шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты, ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау. Жұмыс жоспары негізінде мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Қошқарбай Айгүл мен Түйебай Айгүл оқушыларға айтыс өнерінің шығу тарихы мен орындалуы және мазмұнын бейне роликтер арқылы көрсетті.

Сол сияқты музыка пәні мұғалімі Нәбиев Бақтыберген Айтыс туралы ақпарат беріп, ұлттық музыкалық аспап - домбыраның құрылысымен таныстырып, насихаттау жұмысын жүргізді.

«II ТОҚСАН АЛТЫН САҚА»

«Төрт тоқсан - төрт өнер» Республикалық "Алтын сақа" челленджі аясында 17 қараша күні мектебімізде ұлттық ойындар "Бес тас", "Асық ату" ойындары ұйымдастырылды.

Қазақ халқының бұл ұлттық ойындары оқушыларға тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру, батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамытуды мақсат етеді.



II ТОҚСАН ҰЛТТЫҚ ӨНЕР»

«Ұлттық өнер» көрмесінің мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу.мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихына маңыздылығы мен қатыстылығын арттыру,отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу,мәдени мұраны сақтау.



«IV ТОҚСАН ТУҒАН ӨЛКЕМ»

«Туған өлкем» фестивалінің мақсаты: Оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын дамыту, отансүйгіштік пен азаматтық сезімін тәрбиелеу,салауатты өмір салтын насихаттау,туған өлкені зерделеу арқылы туристік-өлкетену қызметін жандандыру.



Сағыз орта мектебінде 11.12-15.12 аралығында « Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында «Ұлттық құндылық- тәрбие бастауы» атты апталықтың ашылу салтанаты болды.

Мақсаты :Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында- тұлғаны қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың маңызын түсіндіру.

Мектеп пен ата-ана байланыс ынтымақсатығын арттыру, педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту, балаға білім беру мен тәрбиелеуде жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, сондай ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды.

Кабинетті салтанатты түрде ашу құрметі мектебіміздің ардагер ұстазы, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Мұқышұлы мен мектеп директоры Гулмира Мұхамбетовнаға берілді.

Мектеп пен ата-аналар бірлесе тығыз жұмыс жасау барысында жас ұрпақтың тәрбиесінде үлесін қосатынына сенім білдіріп, ата-аналармен жасалып жатқан жұмыстың жандануына сәттілік тіледі.



//11- желтоқсан күні мектебімізде «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Әжелер даналығы» бағыты бойынша Мұрынбаева Марал Сисенқызының ұйымдастыруымен "Ертегі-танымның көзі" тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.

Кеш барысында мектепалды даярлық тәрбиеленушілері үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп берді.

Кеш соңында 4-сынып оқушылары «Жалқау бала» ертегісін сахналап көрсетті. Оқушылар «Ақ әжем» әнін тарту етті.

Әжелеріміз немерелерінің өнеріне тәнті болды. Соңында әжелеріміз немерелеріне ертегілерін айтып, балалар мен ұстаздарды бір ұйытып тастады.

/ / / //

11- желтоқсан күні мектебімізде «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Ата өсиет» бағыты бойынша Мыңбай Аманбек Есенғалиұлының ұйымдастыруымен "Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер" тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.

Шара барысында оқушыларымыз жеті ата, шежіре ұғымдары туралы мәліметтер алды. Аталарымыз жеті ата, жеті атадан қыз алыспау, тек, баба ұғымдары туралы өз ойларымен бөлісіп, аға буынға, жеті аталарыңызды біліп жүру қажеттігін, шыққан тегі мен руын білу маңызды екенін алға тарта отырып ақыл кеңестерін және білім алушыларға оң баталарын берді.

/ / /

12-желтоқсан күні мектебімізде «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Жеңге кеңесі» бағыты бойынша Құлметова Бақтыгүл мен Есіркепова Гүлфариданың ұйымдастыруымен "Қыз ғұмырдың құпиялары" тақырыбында сырласу кеші өтті.

Мақсаты: Қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.

/ / / / //12-желтоқсан күні мектебімізде «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Аға қамқорлығы» бағыты бойынша Аманғос Айсұлтан мен Қожуова Сымбаттың ұйымдастыруымен 7-11-сынып оқушыларымен бірге "Ағасы бардың жағасы бар" тақырыбында интеллектуалды сайыс өтті.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру және дәріптеу.

Ағалардың іні- алдындағы жауапкершілігін арттыру.

// / / /

///

12-желтоқсан күні мектебімізде «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Әже өсиеті» бағыты бойынша Өскінбай Жадыраның ұйымдастыруымен 6-8-сынып оқушыларына "Әжем үйреткен..." тақырыбында шеберлік сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жанұядағы әже мен немере арасындағы ұарым-қатынасты нығайту. Қазақтың салт-дәстүрі, әдет ғұрыптарын бойға сіңіру. Әже тәрбиесін үлгі ету әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану.

/ ///

////

13-желтоқсан күні мектебімізде «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Әже өсиеті» бағыты бойынша Ержанқызы Айгүл мен Әбдіғали Жаңылсынның ұйымдастыруымен 9-11-сынып оқушыларына "Ырым-тыйым-әдептілік негізі" тақырыбында даналық сағаты өткізілді.

Мақсаты: Халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ырымдар және оның маңызы туралы түсіндірді.

//// /

13-желтоқсан күні "Әкелер мектебі" клубының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Әке жолы-ізгі жол» тақырыбында патриоттық сайыс ұйымдастырылды.

Мақсаты: Отбасындағы әке мен ер азаматтың ролінің мәнін ұғындыру, әрбір тұлғаны тәрбиелеу. Бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру. /

//// /

29-қаңтар күні мектебімізде "Даналық мектебі" жоспарына сәйкес

"Ата өсиеті" бағыты бойынша Мыңбай Аманбек Есенғалиұлының ұйымдастыруымен "Дәстүрлі ұстану" (ер бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүр) тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу, оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісімен тәрбиелеу.

/ / / /

31-қаңтар күні мектебімізде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Ата-аналарды қолдау" орталығының жоспары бойынша "Даналық мектебі" клубының "Ағалар қамқорлығы" секциясының жоспарына сай "Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі" тақырыбындағы кездесу кеші өткізілді.

Мақсаты: Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Кездесу кешіне Асық атудан Ақтөбе облысы құрамасының аға жаттықтырушысы, Асық атудан «Спорт шеберлігіне үміткер», Асық атудан «Спорт төрешісі» **Сәрсен Айбар Тоянұлы** және Балалар жасөспірім спорт мектебінің волейбол үйірмесінің жаттықтырушысы **Кенжетай Әбілхайыр Ғабитұлы** келіп, спортпен айналысудың маңыздылығы туралы, өз тәжірибесі, спорт жолындағы қызықты сәттері жайында әңгімеледі. Қатысушы жоғары сынып оқушылары көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды.

//// /

Өткізген: Аманғос А.Б

31-қаңтар күні мектебімізде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Ата-аналарды қолдау" орталығының жоспары бойынша "Даналық мектебі" клубының "Жеңгелер кеңесі" секциясының жоспарына сай «Қыздар білуге тиіс... (тұрмыстық қажеттіліктер, тамақ пісіру, киім тігу)" тақырыбындағы кездесу кеші өткізілді.

Сабакқа жеңгелермен 8-9 сынып қыз балалары қатысты. «Қыздар білуге тиіс.. тұрмыстық қажеттіліктер» жайында сұрақ - жауаптар талқыланып, топтық жұмыстар жасалынды. Халқымыздың бойына ғасырлар сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайын сіңлі арасындағы қарым - қатынасты нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

//////////

Өткізген: Өскінбай Ж.С

3-қараша Мектебімізде ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасы аясында Шамбай Балзада Боранбайқызы «Отбасы бақыт-бесігі» атты 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған шебер класс өткізілді.

Мақсаты: Ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.

Сабақ барысында ата-аналар ұшақ билеттері арқылы топқа бөлінді. Ата-аналарға мынадай құндылықтар ұсынылды. «Отбасы құндылығы, «Мектеп құндылығы» «Ұлттық құндылық». Сол құндылықтарды тауып сол бойынша суреттер салып, постер қорғады.

Отбасында балаға берілетін ұлттық құндылықтар туралы ой- пікірлерін ортаға салды.

Керібайланыс алу мақсатында «Ұшып келген хат» әдісін қолданды. Ата –аналар келесі сабақтардан қалмай , белсене қатысатындарын айтып , өз ризашылықтарын білдірді.

/ / / /

6- қараша

"Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жоспарына сәйкес «**Білімдіге дүние жарық.** Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?» тақырыбында ата - аналар жиналысы болып өтті.

Мақсаты: Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау. Баланың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті.

Жиналысқа бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Бастауыш сынып мұғалімі Шамбай Балзада Боранбайқызы қызықты тренингпен жиналысты бастады.

// /

24- қараша

"Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жоспарына сәйкес «**Ақыл айтпа жол көрсет**» оқырман отбасы тақырыбында ата – аналармен ойталқы жүргізіліп , пікір алысты

Мақсаты: Отбасылық кітап оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, ата-аналармен балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын дамыту.

/ / / /

30-қараша

9-11 сынып оқушыларының ата - аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында құрылған сабақ кестесіне сәйкес 9-11- сынып оқушыларына “Сен жанбасаң лапылдап... Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?” тақырыбында ата - аналармен бірлескен дөңгелек үстел, пікірлесу өткізілді.

Жар таңдау мен мамандық таңдауда қателеспеген адамды нағыз бақытты жан деп жатамыз. Демек, жаның қалаған жұмысты жасау - жартылай бақыт деген сөз. Олай болса, мамандық таңдау бақытыңның жартысын іздеу. Өзі ұнататын іспен айналысқан адам өзіне де, әлемге де сүйіспеншілікпен қарайды. Өзі ұнатып істеген жұмыстан бақытын табады. Ата-анаға баласының бақытын көргеннен артық қандай қуаныш бар?! \

Өткізген : әлеуметтік педагог Дарбаева Б.Ш

/ / / / / /

8- желтоқсан күні мектебімізде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жоспарына сәйкес 1-4-класс оқушыларының ата-аналарына «Әрбір бала – жарық жұлдыз» атты ата- аналармен бірлескен сабақ өткізілді. Сабақ барысында ата-аналар оқушылардың дарындылық пен шығармашылықтарымен таныстыруды және оқушылардың дарындылықтарын қалай ашуға бола? деген сұрақтар қойылып ата-ананың пікірлері тыңдалды.

/ / / /

20- желтоқсан күні мектебімізде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жоспарына сәйкес 7-сынып ата-аналарына «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту. **Міндеттері:**

ата-аналардың жас дағдарысы кезеңінде баламен өзара түсіністікке қол жеткізуге деген ұмтылысын дамыту;

ата-аналардың адам дамуындағы жас кезеңдерінің мәдени бастаулары туралы, жасөспірімдер дағдарысы кезеңінің экологиялық өмір сүру ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету;

ата-аналардың сындарлы келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу, реніштерді кешіру дағдыларын қалыптастыру.

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін ата-аналарға баланың дағдарыс жасын өткеруге көмектесетін тиімді кеңестер берілді. Психологтан жеке кеңестер алуға мүмкіндік болды.

////////

22-желтоқсан күні 9-11 сынып ата-аналарына «Көркем мінез-баға жетпес байлық. Эмоционалды интеллект- табысты тұлғаның негізі» тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті тренинг сабағы өтті.

Мақсаты: ата-аналарды эмоционалды құзыреттілігін, өзіндік сана- сезім, өзін-өзі реттеу, эмпатия және қарым- қатынасты реттеу дағдыларын дамыту.

Сабақ барысында ата-аналар эмоционалды құзыреттілікке байланысты әр түрлі тапсырмалар орындап, өз ойларымен бөлісті.

Дәріс-сабақты өткізген мектеп психологі: Базархан Б.Д

////

11.01.2024 жылы 1-4 сыныптар арасында **Баланы жастан....Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады»** тақырыбы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.

Жиналысымызды «Кел, сәлемдесейік » ойынымен бастады. Қызықты бейне роликтер көрсетіліп, ата-аналардың пікірлері тыңдалды. «Көңілді әуенмен » сергіту сәті ұйымдастырылып, ата – аналар сергіп алды. «Танграмм» ойыны фигуралар арқылы суреттерді құастырды. Ата-Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар беріліп, жауаптар алынды. Жиналыс соңында «Жылы жүрек, жақсы тілек» атты кері байланыс жүргізілді.

Жауапты мұғалім: Сақалбаева Ғалипа Аманғосқызы

// / /

/// ///

11.01.2024 жылы 9-11 сыныптар арасында **«Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы. Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары»** тақырыбы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, тәуелділік мінез-құлық қаупінің алдын алу жолдарын дамыту.

Жиналыста ата – аналарды топқа бөлуден бастады. «Әрбір пікір құнды» әдісі бойынша бүгінгі ата-аналар жиналысының тақырыбын ата – аналар анықтады. Тақырыбы анықталғаннан кейін 3 топқа топтық тапсырма берілді.

1 топ «Тәуелділік түрлері» , 2 топ « Жоғары сынып оқушыларындағы тәуелділіктің белгілері.»

3 топ « Тәуелді мінез-құлықтың алдын алу шаралары» топтық тапсырмаларды орындады. Берілген тапсырмалар бойынша топтық жұмыс жасалынып, әр топ бір – біріне кері байланыс береді. Ата-аналарға 7- тапсырма сұрақтар құрастырылып ойын түрінде берілді. Жылдам тапқан ата – ана бағаланып отырылды. Жиналысқа ата – аналар белсенді қатыстып көтеріңкі көңіл күйде бірі – бірімен пікір алмасып отырды.

Жиналыс соңында «Үш ҚҚҚ» кері байланыс беріп, Не құнды болды?, Не қызық болды? Не қиын болды? өздеріне қандай құнды мағлұмат алғандарын, қызық және қиын болған тапсырмаларды айтты. Ата - аналар тілектерін білдіріп алғыс айтты. Жиналыс өте жоғары деңгейде өтті.

Жауапты мұғалім: Құлметова Бақтыгүл Табынқызы

////////

11.01.2024 жылы 5-8 сыныптар арасында **«Бұлақ көрсен, көзін аш .Шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз»** тақырыбы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.

/ /////

Жауапты мұғалім: Аманғос Айсұлтан

13 -ақпан күні 1-4 сыныптар арасында **«Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны»** Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады» тақырыбы ата-аналарға өткізілді.

Сабақтың мақсаты: ата-аналарды интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- 1) балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігінің алдын алу мәселелеріне қызығушылығын арттыру;
- 2) ата-аналардың онлайн ойындардағы қауіпсіздік, балаларды интернет-алаяқтардың қауіп-қатерлерінен қорғау мәселелері туралы түсініктерін кеңейту;
- 3) балаларды компьютерлік ойынға тәуелділіктен қауіпсіз қорғау дағдыларын қалыптастыру мақсатында ата – аналарға курс сабағы өткізілді.

////

Ұйымдастырушы: Бастауыш сынып мұғалімі Құлмұрза Айзада Ерханайқызы

19 .02.2024 жылы 5-8 сыныптар арасында **Жасөспірімнің желідегі әрекеті**

«Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» тақырыбы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру.

Өткізген : Өскінбай Жадыра

///// //

Өткізген : Өскінбай Жадыра

14 .02.2024 жылы 9-11 - сынып ата-аналары арасында " **Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз мінез-құлқы**" тақырыбында сабақ өткізілді.

Мақсаты: ата-аналарды балалардың Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиімді жұмыстың шарттарымен, әдістерімен таныстыру.

Сабақ барысында ата-аналар лудомания, Интернетке тәуелділік мәселелері бойынша білімдерін кеңейтті, интернет кеңістігінің қауіптерімен танысты.

Сабақ барысында ата-аналарға білім беру үшін интерактивті жұмыс түрлері қолданылды ,миға шабуыл", пікірталас.

Бұл ата-аналарға дағдарыстық жағдайларды шешу үшін тәжірибе мен білім алмасуға, сондай-ақ алынған ақпаратты отбасылық тәрбиеде пайдалануға мүмкіндік берді.

/////

Өткізген : Талғатұлы Ернар

12 .03.2024 ж Жұмабай Лаура ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес “Балаға үлгі көрсету” тақырыбында ата-аналармен сабақ өткізді.

Мақсаты: ата-ананың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысының шарты ретінде балаға жағымды үлгі болуға дайындығын қалыптастыру.

Сабақ барысында ата-аналар бейнероликтен түйген ойларымен бөлісіп, талқылады. Берілген сұрақтарға толық жауап беріп, қызықты ойындарға белсене қатысты.

/////Жауапты мұғалім:Жұмабай Л.Т

/«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарына сәйкес 16-сәуір айында

5-6-7-8 сынып ата-аналарымен «Жасөспірімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Мақсаты: балалардың айналасындағылармен жағымды қарым – қатынас орнатуына қолдау көрсету.

Сабақ барысында ата-аналарға жасөспірімдердің қарым-қатынасы, буллингтің түрлері туралы ақпараттық дәріс берілді. Бейнебаян көрсетіліп, сол бойынша ата-аналар пікірлерін ортаға салды.

3 топқа тақырыптық топтық жұмыстар берілді. Ата –аналар тапсырмаларды белсенділікпен орындады. Топтармен бірге ситуациялық жағдаяттар шешілді, соңында ата-аналармен кері байланыс орнатылды.

////

////

Ұйымдастырушы: Шамбай Б.Б

9.04.2024 ж Ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметі негізінде 1-4 сынып арасында «Сенім арту - жетістік кепілі» тақырыбында ата-аналар /тренинг/ жиналысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру.

Аталған тақырып бойынша Сейлханова Айнагүл . сөз алып, оқушыларды «Сенім – жетістіктің кілті» тақырыбындағы тренингтің мақсаты және өткізілу жоспарымен таныстырып өтті. Сонымен қатар, ата – аналарға тренингтің ортақ ережесімен таныстырды. Тренингтің бастапқы кезеңінде өзара амандасу рәсімін жасады.

////

///

12.03.2024 Жұмабай Лаура ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес

1-4-сынып ата-аналар арасында “Балаға үлгі көрсету” тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізді.

Мақсаты: ата-ананың өзін-өзі дамытуға жеген ұмтылысының шарты ретінде балаға жағымды үлгі болуға дайындығын қалыптастыру.

Жиналыс барысында ата-аналар бейнероликтен түйген ойларымен бөлісіп, талқылады. Берілген сұрақтарға толық жауап беріп, қызықты ойындарға белсене қатысты.

////

Өткізген: Жұмабай Л.Т

/15.03.2024 А та-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары аясында 10-11 сынып ата-аналарымен «Күйзелістен шығар жол», ата-аналар жиналысы өтті.

Мақсаты: ата-аналардың күйзеліске қарсы тұру және баласына осындай көмек көрсету қабілетін қалыптастыру.

Ата-аналар жиналысының барысында Ержанқызы Айгүл ата-аналармен күйзелістен шығу жолдары атты тренинг өткізді. Сонымен қатар, ата-аналар топта жұмыс істеді, әртүрлі тапсырмаларды орындады, бейнероликтер көрсетіліп, сауалнама алынды.

////

Ұйымдастырушы: Ержанқызы Айгүл

/16.03.2024 «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарына сәйкес 5-8- сынып ата-аналарымен «Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе теңдікті қалай сақтауға болады?» тақырыбында сабақ өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Жасөспірімдердің қарым –қатынасы, «қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдік туралы ақпараттық дәріс берілді. Бейнебаян көрсетіліп, сол бойынша ата-аналар пікірлерін ортаға салды. Екі топқа тақырыптық топтық жұмыстар берілді. Ата –аналар тапсырмаларды белсенділікпен орындады. Топтармен бірге тренингтер ойнатылды, ситуациялық жағдаяттар шешілді.

Жиналыс соңында ата-аналармен керібайланыс жасалды.

////

Өткізген: Байшушуров Темірлан

Сәуірдің 17-і күні «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығының» жоспары бойынша "Сүйіспеншілік -сыйластық кілті" тақырыбында 9-11- сынып ата-аналарымен жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Отбасында эмоционалдық тепе-теңдік пен өзара түсіністік орнату үшін балаға сүйіспеншілік таныту қабілетін дамыту.

Міндеттері: ата-аналардың балаға жан-жақты қолдау көрсетуге, қарым-қатынаста шынайылық танытуға деген ұмтылысын дамыту;

"Айналайын", "Махаббат тілі", Эмоционалдық манипуляциялар" және т.б ұғымдардың мағынасын түсінуге ықпал ету; қарым-қатынаста сезімдерді білдіру дағдыларын, жоғары сынып оқушысымен шетін тақырыптарға сөйлесе білуді қалыптастыру.

////////

/Ұйымдастырушы: Қилыбаева Г.С

16-мамыр күні «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығының» жоспары бойынша **«Тәлімменен өрілген біздің дәстүр»** тақырыбында 1-4- сынып ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: ата-аналардың отбасылық әл-ауқатын нығайту үшін прогрессивті дәстүрлерді дамытуға және қолдауға дайындығын қалыптастыру.

Жиналыс барысында ата-аналар әр түрлі тапсырмалар, жаттығулар, тренингтер орындап белсенділік танытты. Отбасы – тәрбие көзі, мектеп оны шыңдаушы. «Тәрбиесіз берілген білім – тұл» деп ұлы ғұлама Әл-Фараби атап көрсеткендей, білімді ұрпақ тәрбиелеудің ата-ана мен мектептің тығыз байланысында өтуі биік нәтижеге жеткізетіндігін ата-аналар айтып өтті.

Өткізген:Сейлханова К

20-мамыр күні «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығының» жоспары бойынша **«Құндылықтар – отбасы бақытының негізі»** тақырыбында 5-8- сынып ата-аналарымен жиналысы өткізілді.

/////

Өткізген:Есіркепова Г.А

2023-2024 оқу жылында барлығы-282 оқушы. Оның ішінде 5 отбасынан 15 оқушы жартылай жетім, 6 отбасының 17 оқушы аз қамтылған, 11 отбасынан 14 оқушы толық емес отбасы, 63 отбасынан 171 оқушы көп балалы отбасының балалары білім алуда. Жекелеген санаттағы оқушыларымызға мектепке жол, «Қамқорлық» республикалық қайырымдылық акциялары шеңберінде, атаулы мереке күндері де көптеген әлеуметтік көмектер ұйымдастырылды. Сонымен бірге жылдағы дәстүр бойынша тамыз айында «Мектепке жол-шекарасыз жақсылық» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Шараның мақсаты: аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына және жетім, Бұл игі шараға мектебіміздің мұғалімдері атсалысып, аз қамтылған отбасының балаларына мектеп құралдарын алуға көмектесті. Жекелеген санаттағы оқушылар бір мезгіл тегін ыстық тамақпен, оқу құралымен, оқулықпен толық қамтылған. Осындай қайырымды іс-шаралар жыл бойы дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

2023-2024 оқу жылында “Жақсылық жаса” ұранымен 2023 жылдың 1 тамызынан 2023 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жыл сайынғы “Мектепке жол” акциясы өткізілді.. “Мектепке жол” Республикалық акциясын өткізу игі дәстүрге айналды. Бұл іс шара балаларды оқу жылына дайындауда қаржылық қиындықтарға тап болған көп балалы және аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған. оқушыға осы аталған мекеме ұжымдары балаларға оқу киімдері, спорт киімдері және сумка, оқу құралдарымен көмектерін ұсынды.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1.09.2024 ж 1 қыркүйек - Білім күні құтты болсын!

Сағыз орта мектебінде “Мектебім- мейірім мекені” атты салтанатты жиын өтті.

https://www.instagram.com/reel/C_YDJWMAv1R/?igsh=MTd5MnhYm2N4YjBxeQ==

Сағыз орта мектебінде “Менің Отаным - Қазақстан!” атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;

https://www.instagram.com/reel/C_aL_y4A7zV/?igsh=MTlnMhk1dDB5eXM5MA==

4 қыркүйек күні Сағыз орта мектебінде “Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын- алу” тақырыбында 8-11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді. Жиналысқа аудандық білім бөлімінің әдіскерлері Н.Азов, М.Ахмет, С.Ә Дербісов, ауылдық учаскелік инспектор Т.М Ұзақбаев қатысты.

Күн тәртібінде:

1.Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша түсінік жұмыстары.

2.2024-2025 оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар.

3.Аудан аумағындағы кәмелетке толмағандармен қылмыстың алдын-алу бойынша атқарылған жұмыстар.

4.Нашақорлықтың адам организмiне зияндылығы туралы..



https://www.instagram.com/reel/C_hcLivIbMI/?igsh=MW5iZWWh2bjB4b2tkNg==

05/09/2024ж

Сағыз орта мектебінде ҚР Тілдер күні мерекесі аясында 10-11 сынып оқушылары арасында «Тілім менің ғасырлардан аманат» атты сыныптан тыс шара ұйымдастырылды. Сайыс барысында мектебіміздің 10-11 сынып оқушылары ортаға тасталған сұрақтар шеңберінде өз ойларын тайсалмай ортаға сала білді.

Мақсаты: Ана тіліміздің және өзге де тілдерді әр түрлі тапсырмалар арқылы өскелең ұрпақтың бойына сіңіру. Ана тіліміздің мерейін үстем ету;

Іс-шараны ұйымдастырушылар: қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдері Қошқарбай А.Қожуова С.



https://www.instagram.com/p/C_uakJ9ovkL/?igsh=bmFwZGdqNmxxYjMw

06/09/2024ж

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Сүйікті кітаптар" тақырыбында іс-шара өтті. Оқушыларды түрлі әдеби жанрдағы кітаптармен таныстырып, қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Оқушыларға түрлі кітаптар жанры бойынша қысқа мәліметтер берілді.

Мақсаты: Оқушылардың отбасындағы кітап оқу мәдениетін дәстүрге айналдыру, жандандыру және ұлттық құндылықтарды бойына дарыту, адамгершілікке тәрбиелеу.



https://www.instagram.com/p/C_k3mBng3MB/?igsh=YWZpMTRjdZrRNGVr

10/09/2024ж

10-қыркүйек күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Отбасы күніне орай «Отбасы-өмір айнасы» атты отбасылық спорттық жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа 5-7 сынып оқушыларымен бірлескен жоспар бойынша өткізілді.

1. Алпысбай Гүлназ бен Багонбай Ақжан 7- сынып
2. Бисенгарина Карина мен Мәуленбай Әлихан 6а- сынып
3. Меденова жанат пен Ерсайын Іңкәр бә-сынып
4. Сағидолла Балауса мен Мақсатова Айару 5сынып осы аты аталған отбасылары жарысқа қатысты. Спорттық жарысқа көрермен оқушылар, ата-аналар, мектеп әкімшілігі қатысты. Жарыс басталмас бұрын мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жарысқа қатысушыларды және көрермендерге сәттілік тіледі., Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырқалды



https://www.instagram.com/reel/C_uaH8Dox0/?igsh=MXR0Y3M0ZXljZjd0cA==

10/09/2024ж

Сағыз орта мектебінде жоғары сынып оқушыларына бірыңғай «Адалдық сағаты» өткізіліп. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің дайындаған бейне ролигі көрсетілді.

Мақсаты:Өскелең ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, адалдық пен әділдікке тәрбиелеу, мейірімділік пен ізгі істер туралы дұрыс түсінік қалыптастыру.




https://www.instagram.com/reel/C_ucmw-AjS8/?igsh=YXh1ZHBuNnk3aGV1

17/09/2024ж

Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ұйымдастыруымен "Менің сыныбым буллингке қарсы" тақырыбында өткізіліп жатқан челлендж Сағыз орта мектебінің 6-8-9-10 сынып оқушылары

буллингке өз қарсылықтарын білдіріп, видеоролик түсірді.



<https://www.instagram.com/reel/DAAg9Fig2go/?igsh=bjJwOWloandtMg==>

Сағыз орта мектебінде “Мектепке жол” дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы

2024 жылдың 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DAIYTbrAvMq/?igsh=MWhlaGIbWE5eGo0YQ==>

24/09/2024ж

Сағыз орта мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Еңбек түбі-береке» тақырыбында бастауыш сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау.

Табиғаттың алуан сырларын білуге, қоршаған ортаны қорғауға баулу.



https://www.instagram.com/p/DAWTPOtAjJ_/?igsh=eTM3Z2s3cWdxMDk=

Өткізген: Сақалбаева Ғ, Қонақбаева П, Жұмабай Л, Сейлханова А

26.09.2024ж. ата-аналармен жиналыс «Бала қауіпсіздігі - қоғам келешегі» тақырыбында өткізілді. Жиналысты мектеп директоры Г.Жумагазина ашып, балалардың интернеттегі және шынайы өмірдегі қауіпсіздігі маңызды мәселе екенін атап өтті. Балаларға әлеуметтік желілердегі қауіп-қатерлер мен ата-аналардың бақылау жасау қажеттілігі жайлы айтты.

Ауылдық учаскелік инспекторы Базаров Б.І « **Интернеттегі қауіптер**» Балаларға төнетін онлайн қауіптер туралы әңгіме қозғалды, әсіресе әлеуметтік желілер мен қауіпті онлайн ойындар туралы.

- Буллинг және кибербуллинг: Балалардың шынайы өмірде және интернеттегі буллингке ұшырауы жайлы мысалдар келтірілді.
- Ата-ана бақылауы Интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалануға ата-ана бақылауын орнату бойынша ұсыныстар берілді.
- Эмоционалды жағдайды бақылау: Ата-аналардың балаларымен тұрақты әңгімелесіп, олардың көңіл-күйі мен мінез-құлқын бақылаудың маңызы айтылды.

Жиналыстың қорытындысы бойынша

